

Саят
ТҰЯҚБАЕВ

Omirk-
ney



ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84(5Каз)

T86

Тұяқбаев С.

Т 86 Өмір – өлең / С. Тұяқбаев. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2021. – 128 бет.

ISBN 978-601-06-7444-8

Ақын Саят Тұяқбаевтың бұл алғашқы кітабына әр жылдары жазылған өлеңдері еніп отыр. Туған жердің тынысы мен қасиеті, ақынның жүрек елегінен өткен өмір өрнектері, сиқырлы сезім сырды оқырманды бей-жай қалдырмайды. Өмірді өлеңмен өрген автор бейнелі тендеу, тосын ой, шынышыл көзқарасымен ерекшеленеді.

Кітап жырсүйер көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

ҚБЖ 84(5Каз)

ISBN 978-601-06-7444-8

© Тұяқбаев С., 2021

Ақ жол!

— «Мугалім, ақын агаларыма өтініш етсем меселімді қайтара қоймас, бірақ... өлеңдеріме сын-пікірлер айтылыш жатыр гой, маган ең керегі, өлеңдеріме таудагы қарттар не дейді», деген еken Расул Гамзатов. Ақ жол тілеп алғы сөз айтуға оқушы кезімнен талай жыр додасына балтап салған Сіздің ғана пікіріңз, Сіздің батаңыз қажет болыш түр, — деп, жүрекжарды қолжазбасын ұсыныш еді осы шәкіртім.

Иә, алғашқы қадамын аудандық ақындар айтысип бастағанда, сол алаңға жетелеп алғып шығып, олең әлемінің әліппесі мен әдебін үйреткен үстазына томагасын сыптырып топқа қосқан топжарғаныңың ташытқан ықылас-құрметі бәрінен бағалы. Сен жаралдың, оқушым! Жігітке қажет қасиет бойыңдан табылыш, талай өнер жарыстары мен жыр бәйгелерінен қара үзіп келгенде, сол баяғы қарапайым қалпыңдан ақындығыңмен бірге азаматтығыңың да қалыптасып қалғанын көріп, арқаңдан қаққан едім. Қазір де, алты алашқа әйгілі Ақтогайдың арқалы ақындарын аттап отіп, үстазыңды ардақ тұтқан азаматтығың үшін тағы да арқаңдан қағып тұрмын.

«Теңіздің дәмі тамшысынан білінеді», — деген ғой дата халқымыз. Әр олеңінде ой мен сезімді қатар оріп, ақындық шеберлікпен әдемі қыстырыған екенсің. Сәкен Иманасовша айтсақ, кең көшеге сыймай кетіп бара жататын ақынның өлеңін оқыған ойлы оқырман тебіреніп, толғанып, сол өлеңді өзі жазғандай кең болмеге сыймай, орнына тұрып кетеді. Мен де әр олеңінді оқыған сайын орнынан тұрып кетпесем де, — «Әп, бәрекелді», — деп отырдым. Жыр жолында обден ысылып, шырқау шыңына шыққан екенсің,



оқушым! Ал төменге көз салған сәтіңде тілеуінді тілеп тұрған қалың қөшіліктің арасында еңбек ардагері, алып денелі әкең Қабекенің қасында менің де тұрғанымды ұмытпа! Асқар тау әкең мен жастай томаганды сыйрып, киелі өлең өлкесіне шығарып салған үстазыңың Саған деген сенімі – Поэзия әлемі – жыр көгінде қос қанатың болсын!

Жаным да пида жыр үшін,
Шап қалам, шаңдат, шиырлап.
Тарылма, ашыл тынысым,
Құлагер өлең құйындар! – деп өзің айтқандай, Ұлы
Абай қонған ауылды бетке алған сапарыңа Ақ жол
тілеймін, Сарытеректің Құлагері!

Ізгі ниетпен,
үстазың Еркін Берікұлы Өкімбаев

Мұған жер
аудандарі



Қарагұла

Қуаттанып қатпарлы қабагынан,
Ұшты талай бауырыңнан бала қыран.
Қырқаңда құлын құнді кісінетіп,
Қанатымды қатырдың Қарагұлам!

Шер тарқар, шыңдарыңа шықсам болды,
Тасыңнан тарихыңды үқсам болды.
Жалғаның жан рахатын сезіндірдің,
Басыңнан жұттым ауа жұтсам болды.

Сыртыңнан қараганда сұстанасың,
Қойнауыңнан халқыңа құт тарасын.
Ертелі-кеш саяңнан сая тапқан,
Етектегі еліңе ық-панасың.

Атамның аты жортқан жақпарыңда,
Әкемнің ізі жатыр қатпарыңда.
Биігіңе шыққанда бір сілкінем,
Шамам біткен шарасыз шақтарымда.

Сенде талай қызыққа кенеліппін,
Шабыт алдым, тұлғаңа теңеліп мың.
Тау баласы тауға қарап өсетінін,
Сенде туыш, сенде өсіп, сенен үқтый!

Саялы Сарытерек

Кестелеп көркемдеген бар кемерін,
Кермиыгым, кербезім мәртебелім.
Сағым тұнып тұратын самалымен,
Сағынышым саялы Сарытерегім.

Өзінде өлкемнің бай мұрасы бар,
Тұған жердің түп-тұнық тұмасы бар.
Ізі жатыр бойыңда өткен күннің,
Жапырағыңнан жастықтың сырьы ашилар.

Бір шоқ терек бастауы бұлагымның,
Бір шоқ терек дастаны жыр ағынның.
Бір шоқ терек бұтағы бүйралана,
Бойтұмары болып тұр бұл ауылдың.

Жылжып жылдар өтсе де жалғасып күн,
Сенде өткізген түнім мен таңға асықтым.
Сұлудың шолпысындағы сылдыр қагыш,
Саябагындайсың-ау сан ғашықтың.

Тамырың Тоқырауын түбінде тұр,
Танымың таңдай сұлу түріңде тұр.
Бар шынардың бастауы бас теректің,
Тарихы құламаған діңінде тұр.

Сіңіріп тал бойына таң самалын,
Сағынышын басасың аңсағаниң.
Ұшарына көз жетпес құдіреттім,
Құшағына сыймаған қанша адамның.

Бір шоқ терек сырты сыр, іші ғұмыр,
Нұрын шашар тұрса да түсіп інір.
Аялауды біліңдер деп тіршілікті,
Табиғаттың өзі қойған мүсіні бұл!



Бей, Ақтогай!

Бей, Ақтогай! Сен неткен киелісің!

Сенен тапқан үрпағың сүйенішін.

Тәңірдің топыраққа тартқан сыйын,

Багаласын үрпағың сүйе білсін!

Бей, Ақтогай! Шұғылаңның жаққыз бәрін,

Үрпаққа үлгі әнмен таң атқызғаның.

Әнісің Әсет, Күләш, Манарабектің,

Құйісің Мағауия, Аққыздардың.

Бей, Ақтогай! Даражансың, дара шынар,

Саған берген халқымның бағасы бар.

Таңырқаттың, байқасам сенде туған,

Әр үрпақтың өнерге таласы бар.

8

Бей, Ақтогай! Сендерің ән елден үтқыр,

Тоқырауын жаңыңда дем беріп түр.

Жырыменен сусындал Абзалдардың,

Дәртайдың әуенімен тербеліп түр!



Ауылымның ауасы

О, Туган жер! Таңы жұпар, түні құт,
Алыстасам сағынышым білініп.
Араладым жастығымның күәсін,
Дала дәмін тұла бойға сіңіріп!

О, Туган жер! Θзге жерден өзгешем,
Оттай ыстық басыласың көзге сен.
Мынау менің алтын ұя бесігім,
Міне, менің өз ауылым, өз көшем.

О, Туган жер! Дархан өңір, дала бел,
Жауқазын жыр тынбай бүршік жара бер.
Арқа жаққа жолың түссе жолаушым,
Ауылымның ауасынан ала кел!



Ауылға келгенде...

Сәлем бердім киелі паң далага,
Паң дала, ұлынан сыр аңгара ма?!
Құшағыңды аш, еркелеп келдім саған,
Құшақ-құшақ кеудеме арман ала.

Тұлымымды тарай түс, ерке желім,
Мен де өзіңдей тік мінез, тентек едім.
Самалыңа маңдайдан сипатып ап,
Еркелегім келеді, еркелегім!

Еркелейін шығып ап қыр басына,
Еркелейін құрбыма, құрдастыма.
Сенен келіп іздеймін жастығымды,
Сіңіп кеткен жылымды жылғасына.

10
Ана қырдың басында, ана таудың,
Деп күндерден тәбәрік таратармын.
Жастығымның куәсі сен тұрганда,
Сұлулығы түк емес Алатаудың.

Жылына бір қауышар жұмақ мекен,
Жүректегі өзгермес тұрақ па екен?!
Тынысымды толтырып жұпарыңмен,
Құмарымды қандырып бір-ақ кетем.

Туган жер

О, Туган жер! Жанымның жалынысың!
Жалғаның жарығысың, сағынышым.
Сенің қүйған сәулеңе татымайды-ау,
Әлемнің әкелсе де бар ұлышын.

Белдеріңнен өмірдің дәмін таттым,
Көлдеріңнен көңілдің нәрін таптым.
Топқа бірден түстім де, сенде туган,
Соқпағымен келемін аға үрпақтың.

Көңілімде кеңейіп, кеңге реңі,
О, Туган жер! Тыныстат, тербе мені!
Жанымды жазираңда жадыраттым,
Табылып тұла бойға ең керегі.

Жанға жайлы жайлауым жырға мекен,
Бойыңа бар сұлулық тұнған екен.
Еш жерде жоқ сендері көркемдікті,
Сонғы демім біткенше жырлап өтем!



Тұған топырақ


Ел шежіресін жадымда жаттап, оқып ап,
Санама түйдім, маңдайға біткен осы бақ.
Мен тұған ауыл — Арқаның құтты мекені,
Мен тұған ауыл — ұлылар тұған топырақ!

Әсеттің әні — даладай дархан дастаным,
Манаrbек, Құләш — көз жетпес биік асқарым.
Үш арысымды ардақтап өтем мәңгілік,
Азаттың үшін Алаштың түрген аспанын.

Ұстың қой маган, белесі, белі, белені,
Көк майсасы мен қыратты белі көделі.
Мен тұған ауыл — Арқадағы Ақтогайымның,
Саясындағы саялы Сарытерегі.

Балалық гүмыр, айналып келмес бір сағым.
Сарытерегімде сайрандал өтті нұр шағым,
Алысқа шықсам, тұмар ғып тақтым мойныма,
Тұған жерімнің иісі жұпар жусанын.

Ауылым үшін, болса да қандай жеңісім,
Ауылым үшін, ессе де қандай жемісім.
Тұрган жерімді бағалап қанша тұрганмен,
Тұған жерімнен артық жер жоқ қой мен үшін!



Балалық шақ

Бәрі ойымда бала күнім, бал күнім,
Біреуге артта, біреуге жұрт алдымын.
Тақияма тар келменті менің де,
Таралымы тарау-тарау тағдырым.


Қайран жастық, жар қуалай жүгірген,
Табанымыз талай тасқа тілінген.
Аралатып бір өтейін жырыммен,
Бағалатып бұрынғыны бүгінмен.

Жастығымның шырын, шәрбәт, шекері,
Жайлауым ед, балалықтың мекені.
Жұмыс орным жалпақ жатқан жазирам,
Орындығым Емшектаудың етегі.

Бас бәйгені бермейтүғын торы атым,
Белін жазса, бауыры жер согатын.
Басқалардың бал гүмірын кім білсін,
Біздің лагерь, шіркін, жайлау болатын.

Мөлдір еді, ол бір кезең, көркем ед,
Ерке таңмен оянушы ек ертелеп.
Ен далада емін-еркін көсіліп,
Еңбекпенен өскен өндір өркен ек.

Жарқын шақ-ай, жарқылдаган жалыны,
Сағыныш қой сәби гүмір сағымы.
Бүгін қандай бейнем болса бір мысқал,
Сол кезеңде кешкен гүмір қадірі.



Балқашым

Көрікті көл тынысымды тыңдап ақ,
Жақұтыңмен жагалауды сирғалап.
Ашылғандай тағы да бір тынысым,
Басылмасын бір сәтке де бұл гажап.

Кестеленген күміс шолпы суым бұл,
Айдыныңда былқылдасын буын бір.
Бүйра толқын бүйраланған буылдыр,
Тереңіңмен тербеп мені жуындыр.

Кейде толқын көтерілер жел де есіп,
Самал желмен тербетіліп, тербесіп.
Кең дүние, көз алдымда көк аспан,
Кеңістікте тербегендей кең бесік.

Ай нұрындай ажарлысы Арқаның,
Сырға тұнық сымбатындай қалқаның.
Тұңғиқтан моншагыңды терейін,
Шуылыңмен шабыттандыр шалқарым!



О летучем орнаменте
стриж




Өмір – өлең

Күн артынан білемін күн өтерін,
Өмірдің адамдарға сын екенін.
Қылыштың жолы бар кейіпкердің,
Жырымды оқып танырсың кім екенін.

Жырымды оқып ұғарсың толқынысты,
Бойымда өлеңімнің өрті күшті.
Кей сәтім күлімдеген күн секілді,
Кей сәтім ойлауға да қорқынышты.

Қызығып әлеміме кіретіндер,
Ойынды өлеңімге түнетіндер.
Ақ қағаздың бетіне ақтарылды,
Өлеңмен өзім гана білетіндер.



Құлагер өлең құйындар!

Тыңдашы, маңғаз, маң далам,
Сырым бар саған ақтарар.
Ақжолың қандай бар маган,
Арманға бастап ап барап.

Мансап пен байлық, мақтанның,
Ескегін тілті еспегем.
Өзімді жырдан тапқанмын,
Өзге жоқ айтар ештеңем.

Шыңыңа шырқау шығып ап,
Ойымның өрдім үздігін.
Ағытайыншы біруақ,
Айхай, боз жырдың тізгінін.

Жұлдыздаій зула ағызып,
Жабыны тастай жеке шық.
Қарауылға кел қара үзіп,
Мәреден өрт боп өте шық.

Шабытың шалқып шеп құрса,
Хордың да қызын қармаққа іл.
Бұла жыр бабың кеп тұрса,
Батыраштарды шаң қаптыр.

Жаным да пида жыр үшін,
Шап қалам, шаңдат, шиырлап.
Тарылма, ашыл тынысым,
Құлагер өлең құйындар!



Өмір

Өмір кейде шыырланған шахмат,
Тағдыр тақта тұратүғын бақылап.
Төрді күтіп телміреді біреулер,
Тебінгіден тер шығармай жатып-ақ.

Өмір кейде жазылмаған ақ парақ,
Сүреді әркім сүрлеуіне шақтап ап.
Көшілікке көсем боп жүр кейбіреу,
Тілге жеңіл тіркестерді жаттап ап.

Өмір кейде қызық болып біреуге,
Құдеріден бау тақтырап қүренгे.
Тасырқамас үшін таққан тағаңның,
Шегесін нық қағып алмай шіренбе.

Өмір кейде көзің жетпес кеңістік,
Еңбегінің жемісінен жеңіс күт.
Магыналы тірлік кешкен адамға,
Маңдай термен жеткен бақыт ең ыстық.



Портрет

Бұғін түнде бір тамаша түс кірді,
Ұрпағыма жағынты Алла үшқынды.
Мінездері менің құбылғанымдай,
Үш ұлым бар, үш түрлі.

Үлкен ұлым – түйіқтау,
Мүмкін емес көңілінен күй үқпау.
Бастаса ісін белден басып өтеді,
Бет алдында бөгесе де биік тау.


Өзі сондай сенгіш-ақ,
Жүреді ылғы бар нәрсеге белгі сап.
Бір тамаша сурет салып ішінен,
Өзін іздел жүрген тура мен құсап.

Бұл алғашқы биігім.
Сөзденгөрі істің табар түйінін.
Біздің ұйдышты есігін бақыт бол,
Басталғанда жануялық иірім.

Екіншісі тым епті,
Жылдам жаулап алады ылғи жүректі.
Жанарапан көріп жастық шагымды,
Тұла бойым шым етті.

Шоқ құйдірмес шоқтығын,
Бұл ұлымнан көрінеді от күнім.
Жанына кеп жанын үғып жүретін,
Жолдасы да, кеп мұның.

Тұн жортады қаңғырып,
Қанда тұлап серілік пен сал қылыш.




Сұлуларға сыр айта ма кім білсін?
Таңды-таңға үрш.

Үшіншісі әлі жас,
Оң мен солын танымас.
Бірақ менің барлық мүмкіндіктерім,
Осы ұлыммен тамырлас.

Өзі еркелеу, ең ыстық,
Топқа кірсе, жеңіс құт.
Құлсे болды, жадырайды айнала,
Құркіреген кеңістік.

Білімі де бөлек тым,
Ән шырқаса дауысында зор екпін.
Оразаның жұмасында тұған ұл,
Көңілі де көркем болу керектін.

Осы ұлдарым бар ермек,
Бәрі бірдей жарасып ап, жан емдеп.
Өз жұртынан аумайтынын түсімде,
Анасына түр екенмін дәлелдеп.



Уақыт


Өтеді өрлең өмір дегенің,
Жанарды ашып-жұмғанша.
Толтырды сәті көңіл кемерін.
Кей сәтте белгі түр қанша.

Бетімді өмір қайда бұрмадың,
Көп жүрдім жолсыз көкпекпен.
Кешегі жуас, жайдары жарым,
Бүгін бір болмыс бол кеткен.

Өмірдің өттік тербетіп түнін,
Қай жері есте, қай түпкір.
Кешегі ұлым, ержетіп бүгін,
Өзіме ақыл айтып түр.

Жүзетін қарсы ағынға бірден,
Кеңдерді көңіл қалды аңсан.
Қайтіп келмейді, сағынғаныңмен,
Сағыныш болып қалған шақ.

Жастықтың желі бұрқама қатты,
Ағысың асаяу, аринаң кең.
Қылықты құндер қырқада қапты,
Оралмас іздел барғанмен.



Домбыра

Бағзыдан жеткен мол мұрам,
Басылмас сенсіз солығым.
Қадірлім, қара домбырам,
Бабамнан қалған қоңыр үн.

Домбырам сырлы үніңнен,
Көктемнің ізін көремін.
Жаңғырып қайта тірілген,
Откеннің ізін көремін.

Табылып сенен керегі,
Серілер өтті серті нық.
Тарихым сөйлей береді,
Егіз шегіңнен шертіліп.

Кей сәтте шалқып тасасың,
Құйқылжып қырық құбылып,
Жанымның құлпын ашасың,
Ұлтыма біткен ұлы рух.



Құй-құдірет (Ерлан Үрімжанұлына)

Құй-құдірет бойға дарын бергесін,
Тұла бойды тылсым әуен тербесін.
Сертке балап тақтың ба екен үкілең,
Домбыраңың құй өрілген пернесін.

Құй-құдірет бойыңда бар тұнығың,
Құймен өрдің, тал-қайыңың бұрымын.
Ортасынан өшкен өлең секілді,
Тым-ақ ерте сөнді-ау жалын ғұмырың.

Құй-құдірет таптың содан ырыс бақ,
Туган жердің төл төсінде тыныстап.
Тоқырауын шабыт берді жаныңа,
Толқынымен бетің жудың уыстап.

Құй-құдірет арна бұздың тасыдың,
Домбыраңынан құйылғанда жасын үн.
Биікте едің, сүйікті елің тұрганда,
Алдыңда еді алатұғын асуың.

Құй-құдірет тау теңселді тас жібіп,
Саумалымен сарайыңды аштырып,
Қаулаң өсіп, қанат қақты қияға,
Құні кеше өзің еккен жас шыбық.

Мінез

Жастау кез жалындаған жаңа берік,
Ауылда әкемменен ағама еріп.
Аңға шықтық, ақ ұлпа жердің беті,
Ізді шолып келеміз қаға беріп.

Тымық күн сықыр-сықыр қар дыбысы,
Тым-тырыс бол мұлгіп түр талдың іші.
Торы атым қайшылайды қос құлағын,
Ауыздықты шайнау бол бар жұмысы.

Біздің аттар аралда басты ыңғайға,
Сонар десе бата ма, ас мұндайда?!

«Қанды басың бері тарт» кеп қалыптыз,
Қанды ауыз қақпан жатқан Қашқынбайға.

24

Орнында жоқ болған соң қасқыр қақпан,
Мылтыққа қол жабысты бас құндақтан.
Басар маңы тапыр көп талқандалған,
Тұла бойда қан тулат тасқыннатқан.

Жынысқа қарай тартты сүйретінді,
Аулақын бойды үрейге билетуді.
Әкем, ағам тоспада мен ізбенен,
Ия, сәт! Тұстім небір күйге түрлі.

Бір мезет, қалың үшқат бірігіп қап,
Еңкейдім өту үшін бүгіліп қап.
Бас көтерсем алдында көкжалаң түр,
Тоқпағы тобылғыға ілініп қап.

Қанталаган қос көзі тіліп өтті,
Ыстық қан бас аяққа жүріп өтті.

Ойпырмай, көздерінің еткірін-ай,
Қақпанаң тұрсадағы құдіретті.

Мылтығым да тарс етті, ол да атылды,
Әттең жетпей аяғы торда түрдү.
Ажалға қарсы қарап түсті қулап,
Жекпе-жегі амалсыз жолда тынды.

Сая таппай құмай түз, құт даладан,
Абадан-ай, ажалға тік қараған.
Қақапанда да жауына қарсы тұрар,
Сені жеңдім дей алмас жыққан адам.

Лайды аспанға шығарып айла құрып,
Іенделер жүр парықсыз пайданы іліп.
Құны түскен қоғамға қарсы тұрар,
Қасқыр мінез барасың қайда құрып?!



Құмай-ғұмыр

Қуалайсың қүйин боп құмай-ғұмыр,
Уақыт та уыста сыйнайды бір.
Құндерім көлеңкесін көп ұзартып,
Құлазытып көңілден құлайды інір.

Жазымыш жанышса да салмагымен,
Сүрем өмір жүректің талғамымен.
Жыласам да, жұбату сұрамаймын,
Құласам да, қайтадан алға жүрем.

Жайбасарлық танытса, жайлап ісім,
Табиғатпен бір еді байланысым.
Қындық қинағанда қыр асамын,
Жасыган жігерімді қайрау үшін.



Дат!

(Қытай батыр ескерткішінің алдында тұған ой)

Шарадан асып шыдап бір,
Сабадан асып сұрақ түр.
Бір-екі ауыз датым бар,
Созіме батыр құлақ түр.

Құбылып қоғам мың түрлі,
Сарсаңға салды жүртыймды.
Хан тыңдамаган наламды,
Батырга айтар күн туды.

Дүркірен дүбір шабысың,
Лаймаңдай арда арысым.
Керек-ақ бол түр қоғамға,
Құркірен шыққан дауысың.

Тіліме қойды бұғау сап,
Діліме қойды бұғау сап.
Алаштың серпіп аспанын,
Ақжолдан шықшы ұран сап.

Еліме бақыт қонбай түр,
Еріме көңіл толмай түр.
Бабамыз арман қып кеткен,
Бақытты құндер болмай түр.


Жақсының кетіп қадірі,
Жаманың шығып бар үні.
Тереңге кетті жайылып,
Теңгесі бардың тамыры.



Білімнің өзі сатулы,
Күніңнің өзі сатулы.
Ақылды болып ақымақ,
Ақымақ болды ақылды.

Жайлап-ақ тұрган осы дәрт,
Байлап-ап тұрган осы дерт.
Қазақты нұрға бөлейтін,
Азаттық дейтін осы ма ед?!

Бәріне төзіп тербесіп,
Қозғалмай тұрсың жер бесік.
Топ бастар батыр таба алмай,
Тұғырмен тұрмын кездесіп!



Шатыр

Кайту үшін еңбегіңмен өрелі,
Тонқа билік айту үшін төрелі.
Санаң емес бұл заманда себебі,
Шатыр емес шатыр бол тұр керегі.

Літа қалсаң бәрі өтірік, бәрі азыз,
Тағдырыңды таратылған тарау із.
Бір-ақ күнде өзгеретін о, тоба?!

Шатырлардың құдіретін қараңыз?!

Шатыр қогам шайып кетіп сананы,
Біреу орнын лайықты етіп барады.
Біреу бардан байып кетіп барады,
Біреу жардан тайып кетіп барады.

Шатыр болса өзгелерден сен ерек,
Еңбегің де еленеді не керек.
Жогарыда тұрганнан ба, апыр-ай,
Шатырлардың құдіреті керемет?!

Шатырлардың паналап-ап етегін,
Жогары тұр дегенімен мекенін.
Кей иенделер әлі үгынбай жүр бірақ,
Шатырлардың аспан емес екенін.

Аласартпа орнымды, о, Тәңірім!

Өмір ме, барады өтіп түс секілді,
Тұрлендіріп тірлікті түске тұрлі.
Алып ұшып арманга алыш баар,
Амал не, қанатым жоқ құс секілді.

Аспан жақ аласармас арман көпке,
Құс құрлы, қалқысам гой заңгар көкте.
АЗар болса төменге құлаап түсем,
Қагыш-қагыш қанатым талған бетте.

Көрінгенде істеген ісім орден,
Кеңдігін кеңістіктің түсінem мен.
Төменен көкке қарап құрсінгенше,
Төбеден жақсы емес пе ұшып өлген.

Жасындаï жердің бетін дүрсілдеткен,
Оят мені шағымда тынышым кеткен.
Содан соң жадыратыш жүргегімді,
Сәулеңді төгіп жібер тылсым көктен.


Бер маган наїзагайдың от арынын,
Жол қылайын, олеңнің жота, қырын.
Адалдықтан айнытпа айналамды,
Аласартпа орнымды, о, тәңірім!

Иірім

Есігінен енгенде имене бір,
Иірімін өмірдің игере біл.
Иіруге сақамды жараганнан,
Илеуімді қандырыды илеп өмір.

Кей кеэдерім көрікті күндер керім,
Кей кеэдері көшіне ұлгермедім.
Ертерек есейткені болар бәлкім,
Сынына тағдырыымның сыр бермеуім.

Сүрінсем де тіктелдім, құламадым,
Тығырықтың тапқырдың бір амалын.
Томендереген төрімді тірлік болса,
Гүбі бір биігіне шығарамын.



Алғыс

Тағдыр жолы тұрса да бұраң қаға,
Мың алғыс, білдіремін бір Аллаға.
Жаратқанға сыйынған адамзатты,
Адастырмас ақиқат құранғана.

Мың алғыс туған өңір, дүйім елге,
Тағзым етем, алдыңа илем де.
Жырымда жүргегімнің дүрсілі бар,
Сол дүрсіл көңілімнің күйін емде.

Мың алғыс батасы бақ бабам үшін,
Мың алғыс әкем менен анам үшін.
Топқа түссем, тұратын тыныш таппай,
Тақым қысқан үрпақтың талабы үшін.

Мың алғыс мақпал тұн мен нұр таңыма,
Мың алғыс адал жар мен үрпағыма.
Тұндігімді ұлтыммен бірге аштырып,
Кіндігімді байлаған бір тамырға.

Мың алғыс аға-бауыр, досым үшін,
Көңілдің қатар қылған қосылысын.
Маңдайға үйіп-төгіп бере салған,
Тәңірім, таусылмасын осы ырысың!

Ұстазға


Оңтүс тәрбиелеген Өкімбаев Еркін ұстазыма!

Құлдыраңдар құлынның,
Жараттың баптап бітімін.
Топтан озар жырымның,
Бауырға басып бапты ашып,
Толыбайдай тап басып,
Томағасын сыптырдың.

Атақты ұлы атанбай,
Еңбегің сінді еліде.
Жүйрігін тосқан Ақандай,
Мәреден күттің мені де.

Тектілік тұнған затың бар,
Ұлылық болған ұраны.
Мен үшін ұлы ақындар,
Озіннен кейін тұрады.

Жырынды жүрмін жалғап мың,
Қалайша көңіл жүдесін.
Озіннің арқаң ардақтым,
Олеңнен тисе үлесім!



Әке

Сәби шақтан санама сіңген үлгің,
Үйреттің бәрін әке білгеніңнің.
Жолына қарайлаумен жүрсің бе енді,
Жаныңыздан жырақта жүрген үлдүң?²

Тамырыңдан таратып тағылымды,
Қайсаң қылышп қашадың қалыбымды.
Кешір әке, күйбендеңді күндерімді,
Тынымсыз тіршілікке бағынулы.


Тоғыз үрпақ Алладан алған тілеп,
Тау мұсін, батыр тұлға, балуан білек.
Алайтес азаматсың, арлан жүрек,
Қараймын қарттығыңа қалған жүден.

Жастығың ол жыр шығар жалын дастан,
Іште қалай тұншығар жазылмастан.
Тар жол тайғақ кешүлі тағдыр көрем,
Маңдайыңдан мың тарау әжім басқан.

Ол еңбекті көрмеген, көрген де бар,
Жарқырап жанбай жатып сөнген де бар.
Осалдықтың белгісі емес еді,
Омырауға тағылған орден, медаль.

Бойыңызда бұлықсып бөлек өнер,
Ойыңызда өситет өнегелер.
Қадіріңді әкетай қайдан білсін,
Интернетке итінген немерелер.

Данадайсың үғынган дала сырын,
Баладайсың іздейтін жанашырын.
Өкінуге хақым жоқ өйткені мен,
Өрлігі зор адамның баласымын.



Шаңырақтың саясы

Адамда таусыла ма елес-арман,
Күткен соң болашақтың белесі алдан.
Алла сізге сал мінез, серілікті,
Бойыңызға үйіп-төгіп бере салған.

Көрінің, дархандығың мәлім елге,
Жаңынды жалындааттың жағып өрге.
Сүйікті жар, 9 ұрпақтарың үшін,
Бінк тұрар, тұлғаныз бәрінен де!

Жасай бер, туған үйің, ордаң үшін,
Шаңырақтың саясы, орманысың.
Үриңғың есіміңмен мақтанады,
Оңідей нар әкесі болғаны үшін!

Ана

Әлемге үлгі әлдиң, ақыл ісің,
Қарыз үрпақ, ардақты атың үшін.
Қарыз саған мынау жұмыр жердің беті,
Тұн үйқың төрт бөлінген сәтің үшін.

Нұры сөнбес пейіштей пейілінің,
Төріндесің зердемнің, зейінімнің.
Ғаламның ғажабы да ауыстырмас,
Анамның маган төккен мейірімін.

Тұла бойы тұнық сыр мың тағылым,
Үйытқысы қыз бенен ұл қамының.
Әр қиырға ұшырган үрпағының,
Жүрегінде қалдырган бір тамырын.

Көңіл Сізді жиірек көрсем дейді,
Өмір заңы көнбесең де көнсең мейлі.
Ананың перзентіне жасағаны,
Өмірі өлең жазсан да өлшенбейді.



Бабага тағзым

Кешегі Көкше үрпағы бек ғұрыпты,
Оған дәлел дерек сыр жеткілікті.
Рұнылдықтан аулақпын дегенменен,
Іегін білу танытар тектілікті.

Таржатсам шежіресін томдап егер,
Барихым бар осындай толғап өрер.
Олеңге талпынса ұлым таңданбаймын,
Бұл бабамның қанымен қонған өнер.

Жалғастырып өткеннің бар үзігін,
Үгыштырып үрпақтың парызын мың.
Үа, Кокше, баласы қабыл болсын,
Толебайга жасаған тағызымың!

Хатқа басып Қара Ертістен нақ дерегін,
Нұштыстаудан Арқаға тартты өлеңім.
Салтанатым артқанда Сарыарқада,
Сағы сыйды-ау сыртымнан «сарт» дегенинің.



Бір Алла!

Қысылғанда жан таппасаң сұрауға,
Мұсылманға тұра жол түр құранда.
Жер бетінде тіршіліктің тамырын,
Таразылап тұратұғын бір Алла!

Пана болар тәбенізге төнсө күн,
Жүректерді жібітетін сол сенім.
Пешенеге жазатын да Жаратқан,
Пенделердің фәнидегі өлшемін.



Намыс

Салқам шақтын, сар дала, самалы құт,
Күркірен күнді жапты қара бұлт.
Батысты бетке ұстады азаматтар,
Алаң үміт, көңілді жаралы қып.

Сүм сөгис лап еткенде маңай қоздал,
Кириуын күн батысқа қарай қозғап.
Кирайып қалған сонау қараша үйге,
Кирай-қарай аттанды талай боздақ.

Конғасып қылық күнмен, тымық түнмен,
Кон айтып жастығына күліп кірген.
Отанға құрмет еді барлығының,
Кип кешуде бастарын біріктірген.

Рақымжандай биікке байрағын ап,
Ісауиржандай дүшпанға айла құрап.
Қисым боп қанат қақты талай қыран.
Кишина ар-намыстың қайралып ап.

Талғат боп түсті көктен топқа мықты,
Олғы мен Мәншүк боп оқ дарытты,
Сол намыстын танытқан Мәліктерді,
Кибек, Нұркен, Төлеген Тоқтаровты.

Келместей боп кетсе де кемесімен,
Есте мәңгі сол жылдар елесімен.
Най-нагайдай жарқ еткен намыстүғын,
Танкті де тоқтатқан денесімен.


Лұылышан алшақтап қосы да алыс,
Жұмылды жұдырықтай қосыла қүш.

39

Пулеметті жапқан да кеудесімен,
Отан деп отқа түскен осы намыс.

Қан майдан қайғы шерді құйып тынды.
Анасынан айырды сүйікті ұлды.
Ажалмен арпалысқан ерлерімнің,
Намысы өлімінен биік тұрды.

Ия, олар Отан үшін от кешкенді,
Елемей ер кеудесін оқ тескенді.
Бүгінгі маздап жанган мәңгі алау,
Батырларға қойылған өшпес белгі.



Тоқсанның толғауы

Алда ауыр сын бартын,
Әрбір сәті есімде.
Тоқсанының жылдартын,
Тарих күнтізбесінде.

Көңілдерде керім ой.
Тұннен кейін, күн шығып,
Алаңдаусыз еді ғой,
Ауылдағы тіршілік.

Таяз болып толғамы,
Топқа кірдік талап қып.
Қазынаны қолдагы,
Ту-талақай тараттық.

Тұсті бәрі бөліске,
Жан болмады қаймыққан.
Кейбіреудің өрісте,
Басы айналды байлықтан.

Болмай жұмыс, ермек тым,
Көшті ауылдан біраз жүрт.
Жекешелеп жер көктің,
Құл-талқаның шығардық.

Жанып-өшіп жарығың,
Қалды бәрі қаңырап.
Нарық жайды тамырын,
Шарасыз ед шаңырақ.

Бордай тозып бар игің,
Жай осы еді елдегі.



Шаммен отқан сан үйдің,
«Шайқама-тын» ермегі.

Тұсау түсіп талапқа,
Бітіре алмай бір ерлік,
Атан қойды араққа,
Айырбастап жібердік.

Ала сөмке асып ап,
Әйел елге берген құт.
Бар ауылды асырап,
Нарықты да мәңгердік.


Бәрін солай игердік,
Сапқа солай іліктік.
Біз осылай үйрендік,
Біз осылай шынықтық.

Өшпейтүғын санадан,
Өткен күннен елес тек.
Бірақ сонда бар адам,
Мейірімді емес пе ед?!

Күрсақ та өмір жаңадан,
Көңіл соған толатын.
Бірақ сонда бар адам,
Қанағатшыл болатын.

Үзбей алдан қудер шын,
Тағдырдан ал тағылым.
Қиналғанда білерсің,
Қанағаттың қадірін.

Сабыр жеңсін сабанды,
Қырдан асса қылышың.
Шыңға апарар адамды,
Шұқір дейтін бір үғым.



Тәуелсіздік

Сойле тарих, өткеніңе жүгініп,
Сенде жатыр ұлтыма тән ұлылық.
Сойле уақыт, тарқат ойдың пернесін,
Алдаспаның ақиқаттың сурынып.

Қыран далам ер тудырган еселі,
Сенде талай аңыз қалған деседі.
Сыр шертемін 15-ші гасырдан,
Көрей менен Жәнібек боп кешегі.


Но, солай!

Мен сал-серімін әнмен атқан әр таңы,
Байлығым мен батырлығым бар тағы.
Алты Алашқа аманаттан қалдырдым,
Атырау, Алтай, Алатау мен Арқаны.

Мен Абылай, Әбілмансұр ұлы атым,
Бірлік еді, басты ұстанған мұратым,
Қазақ дейтін қайсар елдің ұлымын,
Атой шықса арқаланып тұратын.

Қасым ханмын қасқа жолды танымым,
Есім ханмын өзгеден зор дарыным.
Мен қазақын бүлінбеген бірлігі,
Оз Тәуекелің жеті жарғы Заңымын.

Мен Исатай, Махамбеттей ер едім,
Ереуілде ер салдырган өлеңім.
Сырым менен Амангелді батырмын,
Азаттық ед, атқа мінген себебім.



Иә, солай, жалын едік от едік,
Баба арманы алғы күнмен өтеліп.
Кенесары Наурызбай боп сөйлейін,
Қара нардай елдің жүгін көтеріп.


Көштің басын болашаққа бұргасын,
Бағындырдым талай биік шың басын.
Алаш үшін алып келдім алдыңа,
Әлиханның асқар таудай тұлғасын.

Талай тар жол өтті бастан мың түрлі,
Туғып өттім дәстүрімді, ғұрпымды.
Жетпіс жылдық империя езгісі,
Баса алмады асқақ намыс рухымды.

Шындық жыры құйылғанда шығаннан,
Жалын жастар сын сағатта сыналған.
Желтоқсаның алауы боп тұтанды,
Ұлыларым аңсап өткен ұлы арман.

Арда жұртый, Алты Алашым өр елім,
Әлемге үлгі, әдет-ғұрпың, өнерің.
Ұрпағыңың қадамына құт тілең,
Шырқа бүгін еркіндіктің өлеңін.

Сүйінші елім! Сүйіншіле ұлысқа!
Байрағыңда басқалардан тік ұста.
Азат елдің шырқа әнін шарықтат,
Еркіндіктің ән-жырымен тыныста!



Жер сатқыштарға

Жер!

Үлт қонысы — үя бақ,
Табандагы тайғанамас тиянақ.
Жазиралы жасыл жайлайдалама,
Жасамаңдар қиянат.


Жер! Ата қоныс — айналам,
Саясында сандугашым сайраган.
Қайратымен қорғағаны болмаса,
Сатамын деп сартқа ұсынды қай бабаң?!

Жер! Байланатын кіндігің,
Тұрілетін тұндігің.
Қырық кісі қындаржақ боп тағдырың,
Қыл үстінде тұр бүгін!

Жер! Шетсіз-шексіз далам бай,
Корден тұрып бұл ісіңде алаңдай.
Қабырғаңды қақыратып жүрмесін,
Қубасына қарғып мініп Қабанбай!

Жер! Жатыр үнсіз тұнеріп,
Құт қойнауын тәуекелге жіберіп.
Оркендеудің жолы тұрган жоқ шығар,
Іал ету мен мал еруге тіреліп.

Жер! Кең дүнием керімсал,
Саларыңды саудаламай тегін сал.
Тілай согыс ұлтарақтай жер үшін,
Болман на еді, тарихыңда шегінші ал?!



Жер! Бұл — анаң!
Сузындаған үрпағыңды тұмадан.
Атырау, Алтай, Алатау мен Арқа бұл,
Ұлытау бұл — ұлттың басын құраған.

Жер!
Байланатын қазығың, ілінетін ілгегің,
Азаматтың көзқарасым бұл менің.
Сылдыраған сөзге сеніп саудалап,
Жетімдіктің күйін кешіп жүрмелін!

Сөз жетім

Сөз жетім шаршы топта айта алмаған,
Шарасыз мұңлық құнің байқалды одан.
Сәулесін ақиқаттың жарқыратпай,
Сағымды әбден сындырдың сайқал қогам.

Өзекті өтіріктің уы тіліп,
Үміт қалды үлбіреп үгітіліп.
Дәрменімді тауыстың даңғой дәуір,
Дүмшे мен дәлдүріштің құні туып.

Парқына бой ұсынып пайданың бұл,
Жағымпаздың жазы боп жайлайым бір.
Қыран ұя салатын құзар шыңға,
Құзғын қонар жер ізделеп айналып жүр.

Тұла бойдан тұтанып өлең үтқыр,
Ақиқаттан алашқа төгейік нүр.
Тіпті жылда келетін көктемімнің,
Көлеңкелі жақтары көбейіп түр.

Запыран

Тогышарлық тараган топқа жатпын,
Күйін кештім қүйінген көп қазақтың.
Тар заман тынысымды тарылтқан соң,
Тоңғаннан тоқымымды отқа жақтый.

Қағанатты қойғандай ойлап біліп,
Құла түзде қорқауга қой бақтырдық.
Жүдеу көштің жітігін түгендедім,
Жүгендеулі жылқымды жайдас мініп.


Көз дегенің көрместі көріп біткен,
Әзгелерім өзекті сорып біткен.
Жүйеге жауап іздел жүйке бітті,
Жарақты жауынгердей жорық күткен.

Басқа төрдің бәрінде бай баласы,
Қасқа жолдың барады қайда басы.
Құлдық ұрған халықтың қамы біреу,
Лайлығы мен шайлыштың айналасы.

Сүрең өмір өтуде сырғып тұрып,
Зейіндіге зарың мен зілді үқтывып.
Копірік төрге шықты, төре құсап,
Отірік өрге шықты, шындық тұрып.

Жүріп өткен жол жатыр шиырлаган,
Құбылды қыын заман, қүйін заман.
Жарнамасы жарқ еткен нұр дүние-ай,
Жарлысына ұлтарақ бүйірмаган.

Тізгін ұстагандардан топқа кірген,
Дәстүрің мен ғұрпыңды жоқта бірден.



Тілің бе бейшара боп бұрышта тұр,
Өзеуреп өз кеуденде соққаныңмен.

Ғалым көп жаңалығы жоқтың қасы,
Дарын көп даналығы оттың басы.
Шешен көп шекпендіні шыр айналған,
Көсем көп жарты бақыр жоқ тұлғасы.

Етекті езіп тұрған ерсілікті,
Қу сөз, құргақ тірліктің несі мықты.
Бұлдыр көңіл баз-базда қиялдайды,
Бағзыда қалған керім кеңшілікті.

Ол рас, елдігіме қуанғаным,
Ол рас, ұлтым үшін ұрандадым.
Бірақ соңы жел қуған қайығымның,
Қайда бара жатқанын біле алмадым.



Өмір жылжып барады


Омір жылжып барады бұралаңдағ,
Тәгдышыма талап ой түр алаңдағ.
Маңдаіымнан сүйер ме қайта келіп,
Таңдаіымнан жырымды ап құлаган бақ.

Омір жылжып барады сынап құсап,
Сап қылы асу алдыма сынақты сап.
Нұақ бер, адастырмай құла түзде,
Қуат бер, қараңғында құлап тұрсақ.

Омір отіп барады, тыныстаттай,
Киңішдықты кескілеп қылыштаттай.
Күйбесің тірлік көрікті қыздыромады,
Нашуын шаттығымның уыстаттай.

Омір отіп барады, белден асып,
Орта қайда құшагын берген ашып.
Ніліп, ируден қалжырадым,
Бұк жатыр, алшы түсіп келген асық.

Омір отіп барады көнермін мен,
Енді қайтем, нұры жоқ төгер мұлдем.
Бес күндік белгісіндей бұл гұмырдың,
Оғын жагып кетейін өлеңнің мен.



Қайрау

Ей, тәж тажал!
Еркіммен алысқаныңмен,
Өкпеме жабысқаныңмен,
Тигізе алмассың түрпінді,
Игізе алмассың рухымды!

Ей, тәж тажал!
Бабамның жолы бәрі айқын,
Ажалға күліп қарайтын.
Қаныммен қалған ғұрынта,
Тектілігімді ұмытпа!

Ей, тәж тажал!
Қандыауызыңдан қашпайтын,
Тірсегін қиып тастайтын,
Бәрі тектес бітімім,
Жылқы тектес тұқымым.


Ей, тәж тажал!
Билігім бұрылмаса да,
Халықтан қырыңдаса да,
Тобылғы исі кернеген,
Қымызыммен-ақ емделем.

Ей, тәж тажал!
Басымнан бұлтым көшкенмен,
Үкімет үні өшкенмен,
Төрт түлігім қазынам,
Сорпасымен-ақ жазылам.

Ей, тәж тажал!
Аршадан иіскеп мың сан мың,
Жұпарын жұтсам жусанның,
Таңдайдан кетер солғын дәм,
Атып-ақ тұрам орнымнан.

Сын сөтте талай сыналғам,
Тамыр ап өстіп Құраннан.
Сені де өстіп шығаннан,
Секіртіп қоймас бір Аллам!

Алысып арбаганыңмен,
Жабысып жалмаганыңмен,
Індетің іріп от құшар,
Бір күні күлің көкке ұшар.



Нала

Өмірден өтті-ау небір ұлт үлдары,
Солармен семді ғадет ғұрпым бәрі.
Көсемсымақтар келіп қошті бастап,
Көсегемді көгертер күн тумады.

Баяны жоқ бес күнге қош дегізіп,
Өксітті өмір дейтін өшкен үзік.
Арсыз ажал талайды талқан қылды,
Төбесінен ұргандай төске тізіп.


Тосыннан түргізгенде елге түрен,
Секем алып аттадық сең бетімен.
Жанталасты жаны үшін талай жандар,
Жұтым ауа жетпей қап жер бетінен.

Ібілістей іркілмей ізге түскен,
Ірітіп бара жатыр індет іштен.
Араласпай адаммен айналаңда,
Күндіз күй жоқ, шошыдық түнде түстен.

Дертіңе тура дауа таптырмады,
Еркіңе қанатыңды қақтырмады.
Құмға айналды үгіліп жігерім де,
Мұңға айналды шарасыз шақтың бәрі.

Асылдарға араша тұра алмадық.
Бой үйретті амалсыз бұған халық.
Багыты бұлдыраган, беймагұлым,
Бұлдыр заман бұлт етті, бұлаң қағып.

Өтер бәрі санаға салып дүрмек,
Тек тарих ақиқатты анық білмек.
Дүғамды жүрмін күнде жүз қайталап,
Ертеңімді еліме жарық қыл деп.



Шата

Ліштылыш арсыз араны,
Ішайдасы піскен пасың тұр.
«Қатырамның» заманы,
Заныранын шашып тұр.

Орлемей ісі өтірік,
Ел қашап жияр енді есін.
Кокірек билік көпіріп,
Корсете берді қеудесін.

Тілің мен дәстүр мұрага,
Ешбірі жоқ елеңдер.
Ел басқарушың дүбәрә,
Кескіні гана кеменгер.

Ішамыс на, намыс жоқ онда,
Тіліңді қайтсін құрметтеп.
Ішайқалған қотыр қогамда,
Ішаталар шалқып тұр көктеп.

Коріксіз кезең әурелі,
Коруден көзіл бозарды-ау.
Ішисықтың жүрді дәурені,
Ісінің бәрі көз алдау.

53

Ұза

Сыймай-ақ кеткен ноқтаға басы,
Шойыннан мықты шоқпар ағашы.
Ғұрпы үлгі бағзы бабаларым-ай,
Бұл құнгі тозған топқа қараши.

Тайталас туып тағы ғасырмен,
Қасиет қайда қанымса сіңген.
Жанаардан жасты сорғалатып тұр,
Жұпның өмір жабыға сүрген.


Жылтырақтарға желіккен елміз,
Көбею емес, кеміп келеміз.
Алдымен өз дін, өз гүрпіңде емес,
Өзгеге неге ерік береміз?!

Заманға заңы қарсы тұрады,
Көңілге мұңлы тамшы тұнады.
Қарын тойғанға қанағат қылыш,
Қалдықты жүрміз қаңсыттың әлі.

Тарихым терең тылсым бір аңыз,
Үрпақты қайтіп құлшындырамыз.
Құлқі боп елге неліктен осы,
Келімсектерше тіл сындырамыз?!

Әғыр ғып індеп ірітіп іштен,
Бола алмай үлбір үмітім үстем.
Қатығез уақыт жылжыш барады,
Қанымды жаймен жібітіп ішкен.

Сын тағдыр елді сынап барады,
Бақыт та баста тұрақтамады.



Іанаңыз елге пәтуа айтып,
Іараңын дұрыс кім атқарады?!

Сұрақтарым көп жауабы қысқа-ақ,
Басшы жоқ бастар жағаны нұсқап.
Жаш айқайымды жазып кетейін,
Киңір орманымның қаламын ұстап.

Сайлаудан соң...

Мас мүжіп, қүйқа, ми шайнағандар,
Қылышығы қырын қисаймағандар.
Хаш төбеңізге төрлетіп алды,
Білікке өзін би сайлағандар.

Ұлыстіретін үлесінді ұмыт.
Тіреулерімді тіресіп жығып,
Қүпіціз күдер үздірді-ау жүртый,
Колемдукелермен күресіп жүріп.

Тіршілді алаң бір шабатұғын,
Сыры да кетті сын сағатының.
Мүмкіндігінді мұлгітті өмір,
Кімің бар енді мұң шағатұғын?!

Қиынтың қысқа, қырқылар ма екен,
Қүрәуді мінер күн туар ма екен?!

(О)лділік емес, әділдік орнар,
Көзөңнің кірер кілті бар ма екен?!



* * *

Мағынасы кеткен сөзді мақал ғып,
Өзгелерден үрлаганды мақам ғып.
Адалдықтан ада болды-ау адамдар,
Қанға сіңіп, қанағатсыз, қatalдық.

Таға алмаспын етектегі елге мін,
Өлең еді ең етene ермегім.
Мұңы басым мынау ғазал ғасырда,
Мейірімге шөлдеп жүрген пендемін.

Сағыныш

(*Марқұм атамыз Финаят Сейтжанұлына*)

Жарқын күнді, жыл легі жасыра ма,
Санамызда сағыныш басыла ма.
Айналаңа ізеттің үлгісі едің,
Адал жар, аяулы әке, асыл аға.

Жан едің шекпенін де шақтап ілген,
Арқадайын өңірден атқа мінген.
Тірлікте тұра сөйлеп, түзу жүрдің,
Қанағат қана тілеп Ҳақ тәңірден.

Сіз кеткелі сағат та сырғып алды,
Сіз кеткелі қабақта мұң қыраулы.
Сіз қалдырган қасиет қанымызда,
Сіз қалдырган өсиет үлгі мәңгі.

Ардақтым-ай, жан едің тұлғаң ерен,
Жылдар өтті жөңкіліп жылғаменен.
Санамыздан суретіңді өшірмесін,
Сізге деп сағыныштан туган өлең!

Ән-ғұмыр

(Онерлөгің үстаз Құат Қожамбаевтың руҳына)

Сағаттың тілі құсан сыртылдаумен,
Нұрып айналып өттің-ау шіркін, дәурен.
Еүршің қалды үзіліп ыргағынан,
Құлынгады көңілдің кілтін дәурен.

Іугаш жерің жыр елі, өнер елі,
Одилен ән бесікте бөлеп еді.
Олімхандай әйгілі атаңыздың,
Ор ісі оркенине өнеге еді.

Іектілігін сол жердің таныттырған,
Жаралғандай жан едің жарық нұрдан.
«Көң коргендер, өзгермендер» — дедің-дағы,
Сахиаңа қош айттың сауық құрган.

Омірте келмеген соң екінші рет,
Коғыл торғе кербез үн бекінші кеп.
«Кіра қызы»-да, шырқалмай Сіз кеткелі,
«Жиырма бес»-те, түр үнсіз жетімсіреп.


Оңдиен соң бұл әнді кім айтады,
Айтіп күндер көңілді мұңдайтады.
Кеудеңден қош деп үшқан қоңыр әуен,
Саяым күннен сағынышты сыр айтады.

Күй болыш та шертілдің, қүңіренттің.
Он болыш та әдептің гүлін ектің,
Үриаққа үгіндырып тылсым қүшін,
Онер дейтін өлшеусіз құдіреттің.

Шығыстан шыққан күндей шұғылаңыз,
Дарханым-ай, жаны жас, ғұмыры аңыз,
Өзіндегі биқтік пен тереңдіктің,
Шыға да алмай жүрміз-ау шыңына біз.

Ойсырап қалды-ау өнер орда мына,
Қадірлі ең халқың қара орманыңа.
Сыншымыз да өзің ең, тұра айтатын,
Тоқсан ауыз сөз сиып толғамыңа.

Елеңдетіп көкше көлде күзгі дүбір,
Ізгілікті қадірле ізгіні біл.
Ұғынғанға өмірің ән шежіре,
Түсінгенге бір мектеп Сіздің ғұмыр.



Құйзеліс

Қынға қарай қиялай шапсам ілгері,
Дүрбісін тікті дүмшебектердің дүрмегі.
Арқадан қаққан адамдарымның өзі кеп,
Ляңдаій батты аяқтан шалып жүргені.

Енкімді омір жарата қоймас мінсіз ғып,
Комейі кеңнің көкейін тесті күншілдік.
Тірімде жете алмасамдағы тілекке,
Түбіндегі туын желбіретеді бір шындық.

Топын бітпеді тоғышарлықтың құлқыны,
Нұдуу үйімнің жамалмай жүр-ау жыртығы.
Кердеңдердің бір көктен келтірші аяғын,
Мал Кок аспаннның күркірі!

Сыбайластықтың түбінен ота тамырын,
Ішкеден алып жегенін құстыр тәңірім.
Бірдей гын ұста бірінен-бірін асырмай,
Карина менен қаз қатар қойып хан ұлын.



Өлеңге сыр

Тотықұстай түрмадым торға асығып,
Топ алдына түспедім жорғасынып.
Жуан орта жерімен жүріп келем,
Өмір дейтін жортуыл жолға шығып.

Соққанда өмір, жолына әрі-бері,
Өлең болды денемнің дәрігері.
Үйқасынан үйіган қаным тарап,
Тармағынан табылды тамыр емі.


Жырладым жаратылыс жыр гүмырды,
Жырладым жалғанды емес, шындығымда!
Түсірдім сол бетінде ақ қағазға,
Массаттанған шагым мен мұңды күнді.

Мен осылай жер басып, жетілген ем,
Бояуын өмірімнің кетірмегем.
Бәрінен түнілгенде өлең жазсам,
Дүниеге жаңа туган секілденем.

Айналама қараймын бала құсап,
Ашылғандай алдымнан ана құшақ.
Жанаарды жарқ еткізіп жыр туганда,
Қанатын қайта сілкіп қалады шақ.


Сол кезде күн түгілі, жыл кідіред(i),
Жұбатқандай жұмақтың сылқымы кеп.
Күрсінсем кеудемде бар жүрек дейтін,
Өлеңмен емделетін бір құдірет.

Өлең ішкі шерімді қазатын да,
Өлең мені ауыртып, жазатын да.



Күннен-күнгө айналып барамын мен,
Жырдан басқа сырласы аз ақынға.

Қанағат қылсамдағы барға бірер,
Тынбай тартып тұрады алға жігер.
Қиуы енді келген қара өлеңнің,
Қай жерде тоқтайдынын Алла білер.



Мәңгүрт

Түрлендірсе өзге тілде тұр өңін,
Тірлігіне разы болар кім оның?!
Сен не деген жетесіз ең, тіліне,
Жүргегінен қалдырмаған бір орын.


Өз ұлтыңа неге сонша салғыртсың?!
Ұлттың жыры жараңды емдеп жаңғыртсың!
Тарихыңды, дәстүрінді ғүрпіңды,
Танымасаң, кімсің онда?! Мәңгүртсің.

Бұйырса егер біздің тілмен тыныстау.
Басқалардың жолы сенен дұрыстау.
Отыз жылда сорақы гой тілінді,
Білу түгіл, үйренуге тырыснау.

Шапқаныңдан пайда бар ма ширіга,
Өз тіліне миы жетпес мигұла.
Тіл тағдыры — ел тағдыры екенін,
Құл санаңа — құй мына.

Салтанаты сахнаға сиярдай,
Жүрсің неге жан-жағыңды жиі алдай.
Жат жүрт қайтсін жүректегі жараңды,
Жыртығыңда өзің күлсөң үалмай.

Біреулер жүр адам айтса сенгісіз,
Елдігімнің есігінен енгісіз.
Біреулер жүр аты бар да заты жоқ,
Қайдан шыққан, кім екені белгісіз?!



Дұға

Отырмын жалбарынып дұға тілеп,
Тәз тара деп төбемнен мына түнек.
Окемді әлсіретпей о, тәңірім,
Бойына мың кісінің қуатын ек.

Окемнің әл-дәрменін асыр Алла,
Доңгелетпе, тажалдың тасын Алла.
Маган кел, мықты болсаң айқасайық,
Қарт кісіде әкеңнің басы бар ма?!

Ден тұрмысың жастығы көшкен адам,
Ден тұрмысың жарығы өшкен алаң.
Без құсал жабыссан да берімейді,
Қар жастанып, мұз шайнап өскен адам.

Бұлар әйдік адамдар сүйегі асыл,
Бұлар алтын тұғыр ғой жиегі асыл.
Келбеті күн нұрымен жарқырайды,
Кір қылдырам десе де күйе ғасыр.

Жағдайым жоқ жаханға жарлық қылар,
Тек оттініш бойдағы барды ұқтырап.
Демен жіберсең болды дәрігерім,
Ози-ақ ертең орнынан қарғып тұрар.

63

Ұстаз

Ойы үшқыр, талғамы зор ісі нық,
Шәкірт жанын анасындай түсініп.
Баулып баптап, білім нәрін сіңіріп,
Ұясынан жіберетін ұшырып.

Бұл — әрине, ұстаз дейтін ұлылық,
Тал бесіктен, тәрбиеге жүргініп.
Ұстаз үшін әр сабагы бір өмір,
Әр оқушы, бір-бір арман, бір үміт.

Әліппеден әлқисса алып әңгімен,
Білім беру — бар мақсатың, бар мүддең.
Ұстаз болу үшін бала жүрегін,
Ұға білу керек шығар алдымен.

Анасындай біле-білсең тылсымын,
Әкесіндей үқсаның жүрек дүрсілін.
Сонда ғана өзің еккен тал шыбық,
Жауқазындай жарып шығар бүршігін.

Ұстаз — ана, ұстаз — дана, жыр әнім,
Қанып ішкен білім бастау бұлағын.
Адалдықтың ақ желкенін көтерген,
Мамандықтың ардақтысы мұғалім.


Іліктірмей даңғылға

Іліктірмей даңғылға,
Көп қаңғыртты құмай тұз.
Шыдау керек тағдырға,
Бірақ қайтіп шыдаймыз?!

Айналасын тарпыған,
Өмір өзен асау-ақ.
Өкінесің артынан,
Өкініштер жасап ап.

Тасқа салып тайтырдым,
Жамбы ататын жебемді,
Аманында ай-күннің,
Жарға соқтым кемемді.

Жарық бермей жарлыға,
Тағдыр солай қинамақ.
Тартым тағы алдыра,
Жігерімді жинап ап.



Ыза

Балқашым жатыр жағада тулай,
Оңынан айы далама тумай.
Заһарын төккен зауыттың уы,
Құйылып жатыр қалаға тынбай.

Көңілдің бүрі бүктелінгені,
Болашағыңдан күткенің бе еді.
Тереземді ашып тысқа көз салсам,
Тұтіннен басқа түк көрінбеді.

Оятса үнім, бір үмітті алдан,
Алдаспан жырды суырып та алғам.
Бұл жақтың тіпті құсанды басар,
Қызығыш құсы да, қырылып қалған.

66

Жалындай жалмап жалпы өңірімді,
Залымдай алдап бар көңілінді.
Зауыттың уы, зақымдап жатыр,
Жастығың менен жарты өмірінді.

Адамның болмай гажап тұрмысы,
Арқага батып азаптың күші.
Қазанын кімнің қайнатып тұрсың,
Қайран да қайран, қазақтың мысы?!

Мырзалар тартып, құдірет күйін,
Тағдырга көніп тыбыр етпейін.
Барыңды беріп басқаға кеткен,
Байлығыңның ба?!

Құны көк тиын!

Шабаштың шакттар



* * *

Бәсек түрған көңілді биіктеткім келеді,
Жүрек сөзін өлеңмен түйіп кеткім келеді.
Көк аспанның қабағын мәңгі саған аштырыш,
Нұрындайын аспанның құйып кеткім келеді.
Таңы ырысты айдағында ай желкенім желбірең,
Сағынышты маңдайдан сүйіп кеткім келеді.
Жанартаудай жаныңды жалын отқа толтырыш,
Алақандай жүрекке сиып кеткім келеді.

* * *

Жап-жасыл дала жаныма шабыт сыйлаған,
Зырлайды поезд, жүректі келед қинаған ән.
Баса алмай келем өрекпін соққан жүректі,
Өр шешендей бір айылын әсте жимаған.
Осындаі сәтте басылма, көңіл басылма,
Төгілсін жырлар жүректі қысып қинаған.

Мен сүйдім жырды ал сен ше құрбым сүйіш...
Жалынды өлең жан сырым едің сүйікті ең.
Сен деген шақта ақтарам барлық сырымды,
Тек саған қиям бар жақсылықты жиши мен!

Өлеңім мені тербеген тәтті қиялға,
Керуен көңіл кеткендей ұшып қиянға.
Бабадан қалған құдіреті құшті қара өлең,
Балғын жырымның бау-бақшасына сияр ми!

* * *

Бабамның жолын қайталап келем,
Даламның жолын байқап ап келем.
Титаник құсап теңізге батпай,
Толқынды жарып шайқады ақ кемем.

Жырымның алсын керегін елім,
Сырымның білсін себебін елім.
Жүректің түпкір төрінен шыққан,
Өмірге құштар, өлеңім менің.

Көктем

Алып таудан етекке ақ қар құлап,
Көктем күннен алып түр жақпар қуат.
Қысқы қатқыл көңілді жібітеді,
Жылт-жылт етіп жылғадан аққан бұлақ.

Туды көктем, таусылып қыс гажабы,
Жер бетіне тәңірдің түсті ажары.
Көк кілеммен кең далам кестеленіп,
Қүйқылжыды бағымда құс базары.

Көктем келді, сылдырап сылқым қыздай,
Сұлулықтың құпия құлпын бүзбай.
Көгімнен қолбей түскен күннің нұры,
Шуаққа шомылдырды құр түргышбай.

Сол шуақпен дүр етті, қызынып қыр,
Сыгалады қауыздан сызылып гүл,
Фашық болу, сағыныш, сую бәрі,
Көктемнің кірпігінде тізіліп түр.

Бұрымы бұраң қаққан бұл көктемнің,
Таңданумен көркіне күнді өткердім.
Жанымның сүйсінісін жер жаһанға,
Жеткізсін деп ұшырдым жыр кептерін.

Мезгіл

Мезгілменен ауысатын күйге ендім,
Найза жырды қай биікке түйрермін.
Қаһарлы қыс қар бораны қарыған,
Қаталдықты дәл өзіңен үйрендім.

Жылдар, жылдар, бұрма бетін құймемнің,
Тағдыр қамыт тар мойныма кигенмін.
Томагасын сұық қыстыңды сыпырған,
Жылылықты қоқтем сенен үйрендім.

Жер-анаңы жадыратып сүйген күн,
Қазбауыр бұлт шыңға басын иген күн.
Далам түкті жасыл кілем жайдары,
Жомарттықты жазым сенен үйрендім.

Ор мезгілді мен өзімше сүйгенмін,
Орқайсында кейде шаттық, кейде мұң.
Күрең күзден көшін түзеп кеңдігім,
Борін-бәрін мезгілдерден үйрендім.



Тұған күн

Оянып ап, елеңдедім ертемен,
Есігімнен енгендей боп ерке өлең.
Өткен күндөр артта қалып, қырқадан,
Қолын бұлғап шақыргандай бел-тәбем.

Қамшы гүмýр бір құмарым қана алмай,
Тамшы гүмýр, тереземді қағардай.
Жүйрік көңіл жетер шыңын таба алмай.
Айналама қарай бердім алаңдай.

Бұгінгі күн өтпей тұрган тәрізді,
Нұрын аспан төкпей тұрган тәрізді.
Жаһан сыйып кететүгын жаныма,
Бір жылышың жетпей тұрган тәрізді.

Сонда кім бар көнілімді көтермек,
Жүргегімде қалатүгын мекендер.
Таңнан бері тыныши таптай отырмын,
Біреу келіп еркелетсе екен деп.

Белестерден белгі бермес бекерге ой,
Әр белесім маган ыстық мекен гой.
Таңнан бері тұрлі күйге түсірген,
Сөйтсем бұгін туған күнім екен гой!



Ерке таң

Сезінгенде жер-дүние жарықты,
Меңгіл тұннен таң азанға ауынты.
Мен туганда абзал анам ырымдаң,
Таң нұрына шомылдырып алышты.

Содан бері таңды сүйем, таң шуақ,
Таңдан жауап таба алады сан сұрақ.
Сүйе берем, таңмен бірге тұтанды,
Киелі өлең, мәңгі өшпейтін шамшырақ.

Ерте тауга еркелейді күн шығып,
Ерке таңға бар сұлулық түр сіңіп.
Таң болмаса дүр-дүние тіршілік,
Түн түнекте қалар еді түншығып.

Таңғы әуенмен жер-дүние тербелді,
Таңмен бірге тыныстыайын менде енді.
Бақыт нұрға түріп тастап пердемді,
Жақыт жырға толтырайын қеудемді!

73



Бұлбұлға сыр

Сайра, бұлбұл!
Сайра менің шуақтый,
Балбырасын бал құрағы бұлақтың.
Жалыны бол жарқылдаған шырақтың,
Арыны бол алқынбаған пырақтың.

Сайра, бұлбұл!
Ән жайлайға қоныс теп,
Маңайыңа мақпал үнді мол үстеп.
Өлеңімді төрге баста тербетіп,
Өнерімді өрге баста өрістет.

Сайра, бұлбұл!
Қалықташы құс үміт,
Құлың өнер құдіретін түсініп.
Көркемдікті тапқан сенен Манарабек,
Көмейінен жібергенде ұшырып.

Сайра, бұлбұл!
Ерке құсым ерекшем,
Өлең ғұмыр, соны өзіңмен тел етсең.
Мұсініңе құс үнінді сыйдырған,
Өзге әннен өзгешесің демек сен.

Сайра, бұлбұл!
Қанатыңды жазып тік,
Сенен құсым сарқылмайтын саз үқтық.
Көкте әуен ұшып барад көлбетіп,
Неткен әуен, неткен гажап нәзіктік.

Үнің сырлы, сөзің нұрлы, ойың бақ,
Сырлы кесте сал далама оюлап.
Ән еркесі болып мынау әлемге,
Манаработің мықтылығын мойындар!

Белсенді

Тектіні төзге салып теңседірер,
Екіні естігенде ел сендірер.
Қайда ашарып согады басымызды,
Бет алысы белгісіз белсенділер.

Бірсу түр жалаң жалау желбіретіп,
Бірсу түр кеңірдегін кергілетіп.
Құрақ ұшып өзінен жоғарыға,
Қуашының көнілдің селдіретіп.

Жагынуға жіберіп қанша күшін,
Жалғап намыс жабатын жаңсақ ісін.
Азаматтық, арлылық, адалдықты,
Луыстырар әп-сәтте мансап үшін.

Осылар құлагерді қор қылатын,
Осылар талайларға тор құратын.
Осылар олмегенді өлтіретін,
Осылар болмағанды болдыратын.

Ұлты үшін жүргендей ұлы істерде.
Тыңдаған түрен түргізер тыныш белге.
Сырт козге сауырынан сипатпайды,
Ал іші, құны түксіз қуыс кеуде.

Кейде тікті кеуденде кек тұнады,
Кейде тікті ызалы ой шеп құрады.
Кейде тікті түп-тура көкіректен,
Коміш-коміп жібергің кеп тұрады.

* * *

Өмірде түрлі кезең, түрлі адамдар,
Өмір күрес, таусылмас шыргалаңдар.
Өмір деген сырғыған су секілді,
Жылжып ағып жататын жылғадан бар.

Өмірде қоғам біреу, әр түрлі адам,
Біреу жасық, ал біреу жарқылдаған.
Жаныңың сұлулығы ең бастысы,
Жасау үшін алдыға жарқын қадам.

Дөкей

Бей!

Қалаға дөкей келді, дүрліктіріп,
Қанша елді ай күттіріп, күн күттіріп.
Қарауылдан қарсы алдық құрақ үшып,
Құлдырандан құлдарша құлдықты ұрып.

Үрда жық ұнамсыздай ұсқындағы,
Дөкейің дүниеге пысқырмады.
Жолын аршып жүр біреу жанталасып,
Жүйкесіне тиіп бол қыстың қары.

Бұндайда суыртпақтап сұрама сыр,
Бір келуі, той болды-ау, ұлан-асыр.
Байға басты сүйетіп, сүмендетіп,
Қайды тартып барасың мынау ғасыр!?

Сына

Сынагың келсе тағдыр тагы сына,
Қарсы жүзем өмірдің ағысына.
Жазмышы жұпның бір жан едім,
Жагалауга ұмтылған жанушыра.

Оз-озіме тіл қатып жиі үндестім,
Кормесе деп күйінген күйімді ешкім.
Тынысымды тарылтқан тереніне,
Итере бергеніңмен иілмеспін.

Сынагың келсе тагы сына мені,
Сапамың сабыр еді бір-ақ емі.
Күдер үзбей күресем тағдырыммен,
Кеудемің біткенінше сірә демі.

77

* * *

Боріміз де уақытқа кіріптармыз,
Оқінерміз, кей кезде ұлықтармыз.
Колецкесі көбейген күнді көріп,
Күдік кон көңілімде үміт жалғыз.

Жастығымың жұлдызын жымыңдатып,
Құлдырандаңап өтті-гой құлын уақыт.
Қонақтыңдай басыңда бүгін бақыт,
Жігеріңдің жалауын тұғырга тік.

Ақын (Ардақ ағамның рухына)

Сүйіндік талай сыртыңдан қарап,
Сыптырылғанда томагаң.
Қыран жырларың құлпырған гажап,
Сурыла шықтың додадан.

Құлдыраңдаган құлын бел қалды,
Шамаңды жоқ ең шектеген.
Топқа кіргенде тіліңнен тамды,
Тегіңмен енген текті өлсәң.

Үйіған саған тыңдарманыңның,
Қандырдың талай сусынын,
Оқ бойы озып жылдардан жырың,
Танытты тыныс тылсымын.

Тереңдік сынды теңізге керек,
Толқынын жырдың көрпе еттің.
Кемерден асқан кезінде кенет,
Мөлдіреп келіп мөлт еттің.

Көңілдің солды, ғұлі жайқалмай,
Жылжыды өмір орнынан.
Мұлгиді қазір мұңын айта алмай,
Мұңайып тұрган домбыраң.

Сал ғұмыр жырын салып айтыста,
Соқтырдың Арқа самалын.
Маңдайға жазған тағдыр-ай қысқа,
Амалым жоқ қой, амалым!

Көк теңіз

Қалыш қойған жолаушыдай кемеден,
Көк теңізден көз алмаймын неге мен?
Жалғыздықтан жабықтырмас жағалау,
Жап сырымды сөйлетудің шебері ең.

Сенде жыл-күн, айым өткен секілді,
Жүрек сырын жайып өткен секілді.
Тамагымда тұрып қалған өксікті,
Толқының кеп шайып өткен секілді.

Кол бетінен көрінгендей өткен із,
Откесіме өкінуге жоқ негіз.
Еркелетші, ерке күнге апарып,
Коркем етші, көнділімді көк теңіз.



Досқа сыр

Басымыз ертеректеу қосылса аман,
Хат жаздым сыр ақтарып досым саған.
Халілді қабагыңдан үгар жанды,
Сағынады екен-аяу, осынша адам.



Асыл жүзін тат басса, асылға сын,
Болексің басқалардан бәсің басым.
Білкке шықанда емес, сол биқтен,
Құлдилап құлағанда қасымдасың.

Сен келгенде сай жібіп, жылға аршылар,
Кезің жоқ құрдасыңды құр қамшылар.
Сынға сай, сертке берік, сендей досты,
Нынымен тағдыр табыстырыған шығар?

Досқа...

Бір досым бар өлеңдей өрілетін,
Маңайына шуагы төгіletін.
Қалжыңдасса қалжыны жарасатын,
Аузын ашса жүрегі көрінетін.

Айналысқан кәсібі ата кәсіп,
Өзіне бар сұлулар жатағашық.
Атымтайы болған соң Ақтогайдың,
Ақсораңнан барады атағы асып.

Тауы пана, талы от, даласы құт,
Торысын балтап мінген таң асырып.
Қонысын құтты қылған бағы ашылып,
Мекені қасиетті Қарашілік.

80

Сабырлы, сырбаз жігіт, сөзі ақырын,
Өнер десе арқасы қозатұғын.
Еңбектің арқасында дәлелдеді,
Қой бағып, қүйрый жеген озатынын.

Бағыты анық, темірдей түйсігі нық,
Сағым күннен сәулесін құйсын үміт.
Бар қазаққа танымал болар еді,
Бабын тауып жіберсе биші қылып.

Қатарлас болғанин соң жас көлемі,
Шырқалсын бал ғұмырдың басты өлең.
Бұл Бекім қыын жерден қыистырып,
Қыз шыгарып берудің хас шебері.

Өмір айдын барады жүзіп арман,
Отызыңда от күннің ізі қалған.

Жігіттің жампозы бол жұрт мақтаған,
Қырықтың күте берсін қызығы алдан.

Жашымда бірге жүріп өскен едің,
Мен сенің бар ісіңді қош көремін.
(О)йыңды айтқызбай-ақ түсінетін,
(О)сындай болу керек дос дегенің.



Досым менің!

Досым менің!

Конысыма қош кепті қосың менің.
Студенттік шақтағы сән ғұмырдың ,
Сырлы сәтін санаңнан өшірмегін.
Досым менің!

Жанған шырақ!

Дос дейміз-ау кейде осы алдаусырап.
Жанымызды тағдыр мен ар қамшылап.
Сен менің жастығымның белгісі едің,
Тұрағыңды кейіннен алғам сұрап.

Амалым не?!

Оралтпайды-ау бозбала бала күнге.
Жақындауга дәрмен жоқ саған мұлде.
Бәрін қайта басынан бастар едім,
Алыштап кеткен екен жаға мұлде.
Амалым не?!

Досым менің!

Мерейінді қашанда өсірермін.
Шықсам да сан қиялдың төсіне мың.
Сен менің жүргімнің тәріндесің,
Өлең сырым өзіңде осы менің.

Кейде гүлдер,


Кез кетті, бал ғұмырдың жидегін жер.
Құрметтеп сүйгеніңнен сый көріңдер,
Қыз-жігіттің достығына сенбейтіндер,
Біздің осы сыйластықтан үйреніңдер!

Мөлдір мұң

Ол кезеңде өршіл ек, өктем едік,
Омір-өзен, біз соның бектері едік.
Іүл күні сағынышқа айналыпты-ау,
Ақ қардай көктем қызбен кеткен еріп.

Болек еді біздің шақ басқалардан,
Алдымызда тұргандай асқақ арман.
Арулар жайғасатын жанымызға,
Інтараның үні шыға бастағаннан.

Жүргүні ек жастық шақтың түнін түріп,
Нергүші ек сал ғұмырдың сырын тұнық.
Құлдыраңдал санада құлын қылыш,
Көзір қапты көңілге мұң іркіліп.



Құс-ғұмыр

Шомылдырып, шуағына жер көктің,
Таң оятсын, төсегінді тербеп түн.
Мұсініңе мас қылдырып ғаламды,
Көрінші бір келбеттім.

Көрінші бір, түріп түннің түндігін,
Тұтат келіп жүргегімнің бір қылын.
Жамалыңмен жарық берші жаныма,
Ауыстырып күн нұрын.

Жақын болып кетпегенмен жол бұдан,
Сағыныштың құйін шертші домбырам.
Алыстағы арманыммен тілдестір,
Ойларымды оңай қозғап орнынан.

Менің жаным сенде ғана шуақтар,
Сенде ғана рахат табар қуат бар.
Ғашық қылып бар жігітті өзіңе,
Менің ғана құшағымда сыр ақтар.

Сен ғанасың жүдегірмес жоққа сәл,
Сен ғанасың жанарадағы отты ашар.
Шын қуанып, шын мұңайып менімен,
Жүрек қылын дәп басар.

Тағы да атты мұңы басым мұнар күн,
Тағы жапты қылышыңа құмар түн.
Құс боп үшып келетіндей өзіңді,
Аспан жақтан іздейтінді шыгардым.

Сыңғыр құлқің боп ағады бұлақ та,
Сендей сылқым көрінеді құрақ та.
Мезгіл құсы секілденіп баراسың,
Үшып келіп, үшып кетер жыраққа.

Біздің тағдыр


Отырғанда ойды кезіп ормандай,
Толғау үшін мөлдір моншақ кезінді.
Естайына мәңгі гашық Қорландай,
Жүзігіңе сыйдырып ең сезімді.

Жүрек қалай тұра алады дір етпей,
Түкпірінде жатқан сендік сырды біл.
Төлегенін тосып өткен Жібектей,
Құтуменен өтпесінші бұл ғұмыр.

Күзгі бақтай жапырағын жая алмай,
Сезімінді тек алыстан ұқтырып.
Қозысына қосылмаған Баяндай,
Кірпігіңе қалмасыншы шық тұнып.

Деп жырладық жалын дәуір дастанын,
Бойымызда ұқсас болып бар қылық.
Өмір деген өте шықты қас-қагым.
Откеніне өшпес ізін қалдырып.

Бірге өткіздік бала күннің бар кешін,
Есейсек те бірге ақты арнамыз.
Өшірмедік мөлдір күннің сәулесін,
Фашықтардай махаббаты мәңгі аңыз.



Гүлшатқа

Қалқам-ау, қимас қадірлім,
Қасымда жүрсөң қуанам.
Бағбаны боп жүр жанымның,
Бағыма тұған бір адам.

Тағдырым асау ағынға,
Тастаганында құлатып.
Жағаға тартып алдың да,
Жанымды жүрдің жұбатып.

Өрлесем өлең төсінде,
Барымның білдің бағасын.
Откелді өмір көшінде,
Өзіңнен таптым жарасым.

Серідей сауық қуалап,
Қалықтап кетсе қайран күн.
Кешірім сосын сұрап ап,
Қазығым саған байланым.

Апталап кейде ай жүріп,
Жан-жаққа шаптық елеңдеп.
Жаныңа құшақ жайды үміт,
Жақыным қайтып келер дең.

Тосса да түнде сарыла,
Қайтпаған ешбір меселі.
Жолыққан сендей жарыма,
Маңдайдың багы бес елі.

Сүйсіну

Ләй секілді ажарыңда арай тұр,
Сенсіз мына мұлгіп тұрган маңай тұл.
Жанарапыңыз жарқ еткенде жұлдыздар,
Жанып кетпей қалай тұр?!

Тұнмен бірге қағылғанда кірпігің,
Құшағымда ұлбіредің, үркідің.
Бал сезімнің тереңіне батырды,
Бірге өткізген бір тұнім.

Сылдырады сәуле түсіп бұлақтар,
Сыбдырлады самалменен құрақтар.
Қол ұстасып, қырдан асып келеміз,
Сырларымды сұрап қал.

Төз атқандай үясына батқан күн,
Төз сырғыды шағалалы шақтар тым.
Сұлулықтың сырын шертіп тұргандай,
Біз қызырған мақпал тұн.

Ой санамды жүрегіме тыңдатып,
Олеңменен өрілейін тіл қатып.
Сұлулыққа ғашық болу керемет,
Жырлай білу бір бақыт.

Мөлдір

Сендергі бағындырар мәрең мөлдір,
Сендергі әп-әдемі әлем мөлдір.
Жаратқанның бойга берген жарығымен,
Жанартаудай жарқ еткен жан-ең мөлдір.

Келісті кейіпкердей шығармаға,
Сен секілді адамдар сыйдар ғана.
Жаныңың сулулығы шығар бәлкім,
Басымызды қостырган бір арнаға.

Өмірінді өлең ғып өрдің тіптен,
Өзіңдей боп өссе екен өндір біткен,
Бар әлем бойын түзеп жүру үшін,
Адамды айырмасын мөлдірліктен.



Тұс


Тұніменен тұсіме енді жәннат бақ,
Ой елесім өткен күнге қанат қақ.
Еркеледің бұрынғыдай бұла қыз,
Лайлы аспан айналада қар аппақ.

Белің бейне бұраң қаққан тал шыбық,
От жанарың сезіміңді жаршы ғып.
Арманымнан айырмашы ай әлем,
Тәтті тұсім қала көрме таусылып.

Бұл бақыттан бал-бұл жанды реңің,
Үлбіреді үрке тосқан гүл ерін.
Тым құрыса тұсімде бір жүргіз деп,
Мен ешкімнің оятпауын тіледім.

Мойныма кеп асылғаның да әдемі,
Қойныма көз жасырғаның да әдемі.
Сезіміңнің тұнықтығы сол күнгі,
Жапалақтап жауған қардан пәк еді.

Біздің аула махаббаттың мекені ең,
І'үлім менің шырын шәрбат шекер ең.
Тұстерімнің кейіпкері бола алсаң,
Ойланbastan мәңгі үйіктап кетер ем.
Омірімді сөйтіп жұмақ етер ем.



Қимастық

Шаттықтың да сен айтқан келді шегі,
Қайтіп көре алам ба енді сені?!

Қарай бердің артыңа қоштасарда,
Бұл сендерің қимастық белгісі еді.

Біле алсам рой ерке қыз, ертеңімді,
Жел жығылтып кетпесін желкенімді.
Тілегімді қайтемін саған деген,
Жүргімді қайтемін өртенулі.

Құндерім де көбейді өзің деген,
Тұндерім де көбейді көз ілмеген.
Еркімді бағындырған іңкәрлікті,
Ерке қыз бұдан бұрын сезінбеп ем.

Сен десем, дала мұлгіп тынатындаі,
Тұңғиық сыр жүзіне тұнатындаі.
Табигаттың бар гажап сұлулығы,
Сенің сыңғыр құлқінен тұратындаі.

Қара шашың бейне бір жайған жібек,
Құндер өтті өзіңді ойлап жүдеп.
Дәл осындаі шағында білдің бе екен,
Қиналып қаларыңды қайран жүрек.

Екеумізге куә бол дала жатыр,
Қосылуға алыс жол ара жатыр.
Үнатуым жай гана басталғанмен,
Үмытуым қиын бол бара жатыр.


Өкініш

Кетпейді ойдан өзіңмен өткен күн әлі,
Жапырды тербеп сол шақтың әсем шуағы.
Іңдірдің мына қатал сынына қарашы,
Үнәтқаным болам ба, қалқам, кінәлі?!

Бақтагы әуен, ақ жауынменен бірігіп,
Осы бір өнмен аялан еді гүл үміт.
Аспаниң алтын нұрына түрдің жуынып,
Жас жапың ыстық отына түрдің жылынып.

Кирадат көзің тереңнен теріп сыр тұнық,
Куаныңда кетесің тіпті құлпырып.
Конгасу сәті тым ауыр болды біз үшін,
Күнде қимас көз жасың қалды іркіліп.

Кереті болмай өзіңмен басқа ешкімнің,
Нұлбұлды бақта белгісі қалды бес қүннің.
Менілім отіп кеткенде жарық жұлдыздың,
Когімнен нұрын төгетіндігін кеш білдім.



91




Сыр

Тыңдағанда телефоннан даусыңды,
Күннен-күнге тағатым да таусылды.
Өнер сол-ақ болғаннан соң бойымда,
Өлең орап айтайынышы бар сырды.

Хабарласып тұршы қалқам күнде сен,
Маган бақыт сырыңды айтып үндесең.
Құсым неге қонбай жүр деп бағыма,
Түсімде де жиі өзіңмен тілдесем.

Жырың бөлек жығылмайтын жолынан,
Сырың бөлек сөз ерітпес соңынан.
Мен өзіңді ару айға ұқсаттым,
Жұлдыздардың жанарына шомылған.

Бұл өмірдің болғанымен шарты тік,
Жазғанымды сағынышпен ал қүтіп.
Содан кейін сен де айтарсың сырыңды,
Ай секілді шұғылаңмен балқытып.




Г-ға

Өңімдегі белгілі есім,
Тұсімде ылғи сен жүресің.
Жақындықиен бірге тіккен,
Жан жалауы желбіресін.

Көрінісін керім күннің,
Оймен артқа шегіндірдім.
Еркеліктің өзімен-ақ,
Жүрегімнің емін білдің.

Әр қадамың сыр ұқтырып,
Қимылыңа қылық тұнып.
Сан қияга алыш барды,
Санамдагы үміт, күдік.



Күрсіну

Жалғыздықтан жабыққанда,
Қайран көңіл қамыққанда.
Мына өмірден тарыққанда,
Ойдасың...

Бағына алмай күшке мұлде,
Тағдыр уын ішкенімде.
Сен деп отқа түскенімде,
Қайдасың!

Қайдада сенің ой арманың,
Жұмақ түннен оянбадың.
Әдетінді қоя алмадың,
Кешір...

Сертін үстап жігіттіктің,
Сенен үлкен үміт құттім.
Басыма әбден шығып біттің,
Не үшін?!




Ерке қыз

Ерке қыз ең, өмірде еркін едің,
Ешкім таға алмады көркіне мін.
Ойнап жүріп от бастың білдің бе еken,
Тағдыр күйдің осылай шертілерін.

Ерке қыз ең, басқадан бөлек едің,
Ешкімді де көзіңе елемедің.
Тұсіне алмай өзіңе не керегін,
Алдамшы елес соңынан ере бердің.

Ере бердің артыңа бұрылмадың,
Селдіреді жыл өте бұрымдарың.
Өмір ағын жағага лақтырды,
Лунап тұрдың сонда да жыгылмадың.

Жанарыңнан талай жас тамшылады,
Жалған намыс жаныңды қамшылады.
Жүргіндеге тұганбаса жан шуағы,
Тәнің әлі талайға жаншылады.



Дүр етіп көтерілем жер бетінен...

Басқаның байқағандай ісін керім,
Көрмедің көңілімнің ішіндегін.
Жатсынып жүргімнің жазирасын,
Жатырқап қайда ұштың құсым менің.

Тәкәппар ең, сен неткен кербез едің,
Есіңде алмай ерке кез ең кезеңін.
Жүргіңің жалынын жағу үшін,
Тілегімнің тағы бір бер кезегін.

Жайылғанмен алдыңа жотадай-ақ,
Өлең көңіл от басты отамай-ақ.
Айым-құнім деп жүріп асылыңды,
Айырбастау не деген оп-оңай ақ?!

Қазіргі хал, бір жылап, бір құлердей,
Тарамысын жанымның тілгілердей.
Қарашиқтан құния сырды көрмей,
Жүзіңізден жүріппін мұнды көрмей.

Қайда мені толқындай тербейтінің,
Қайда мениң жанымды емдейтін үн.
Багытын басқа жаққа бұрган күннің,
Түсіндім енді қайтып келмейтінін.

Шегініс жоқ шарасыз шақ туғасын.
Жырдан таптым баратын бақтың басын,
Мұңымды өлеңіме ақтармаққа,
Ағытып қоя бердім аттың басын.

Түсіндім сенің ішкі байламыңды,
Түсіндім тілегіңнен тайғаныңды.
Дүр етіп көтерілем жер бетінен,
Жүдетіп кеткеніңмен жайлалауымды.

Сәулем

Ақтарып қайта құмыра сырды,
Балғын шақ беті бүгін ашылды,
Ерке кезімді оралтың қалқам,
Есілге тұскен шұғыла сынды.

Лайырдың мұлдем еріктен Сәулем,
Коңілдің мұзын еріткен Сәулем.
Жастықтың қайта жалынын жағып,
Жасартайын деп келіп пе ең Сәулем.

Есіл де бүгін тыныш толқыды,
Жапыма бөлек тыныс толтырды.
Жаганы сипай жайқалып жатыр,
Жауқазын шақтың күміс толқыны.

Таусылмай маган құрметің анық,
Керемет кездің күн беті жарық.
Баяғы баққа қайта кеп түрмүн,
Студент шақтың суретін алып.

97




Жат

Сен екеуміз талай сырға қанықпыш,
Өтті арада қыс пен көктем, анық күз.
Қазір біздер тек алыстан тілдесіп,
Жат адамдай жатырқап-ақ қалыптыз.

Қабыргама қатты батты жаттығың,
Таңдайыңдан төгілмеді тәтті үнің.
Бірақ тарттың артта қалды айдының,
Жұмақ таптың қай мекеннен аққуым?!

Сонда қалай өткен өмір бекер ме,
Бой үйретіп бауыр бастың бөтенге.
Жүргігімнің бағы сені тосып жүр,
Сол бағымды мәңгі-бақи мекенде.



Шығыстың шынары

Жүзінді жылу көмкөріп қаган,
Қарадың көзді төңкөріп маган.
Шығыстың әсем шынарын көріп,
Шыдамым бітіп өртеніп барам.

Корінді болек өнегең сенің,
Бойымды сол сәт бөлеген сенім,
Қыздырып қанды тулатып жатқан,
Не деген жүрек, не деген сезім?!

Білінді белгі байқатуларың,
Қылаулы сезім қайта туладың.
Түйісे берген көзіңмен ұқтым,
Жүректің маган айтатындарын.

Тал бойың ерен, тылсымыңменен,
Коцілде туды күрсініп өлең.
Сагат та сырғып тоқтамай қойды,
Віз мінген көлік дүрсіліменен.

Жапырның кетті қалықтап әні,
Жүргім от бол жанып барады.
Жүйткіген поезд сен екеумізді,
Арманга бастап алыш барады.



99



Мөлдір мұң

Қош дедің қалқам бір қарадың да,
Жөнелді сөйтіп көлігің.
Өрілді өлең жыр парагында,
Ол менің өткен өмірім.

Санама пейіш сап кеттің еркем,
Сагыныш болыш сол бір күн.
Еркімді билеп ап кеттің еркем,
Мұңайта берді мөлдір мұң.

Тағдырым мені тағы сынады,
Тағы да нала, тағы мұң.
Балауса жүрек бақ ұсынады,
Дәрменсіздігіме налыдым.

Кол жетпес бақыт айта да алмайтын,
Бір күні сен де тынарсың.
Осынау уақыт қайталанбайтын,
Жастықтың соңы шығарсың.



Ғашық болып жүрудің өзі бақыт

Сырга берік жансың-ау, сөзге сараң,
Енкімге ұқсамайтын өзгеше адам.
Тәгдүр мені өзінмен кездестірді,
Коктемім күзге айналған кезде саған.

Бұр атқанын көргенде бүршігінің,
Тұла бойым бір ысып, бір суындым.
Сенес мұлде көре алмай жатсынуды,
Терекінде тұншықтым тылсымыңың.

Тұрса да көңілменен көз ұнатып,
Коктемімді алғанмын тез ұрлатып.
Аңсарыңды аудырған сұлулыққа,
Ғашық болып жүрудің өзі бақыт.

Кепіш откен күн қайда кең өзенді,
Күйкі тірлік қабартты кенеземді.
Қайта мені ендір деп есігінен,
Қайран жастық қағып түр тереземді.

Сұлулыққа құштармын

Уысында үстамның,
Бойдақ күннен із де алшақ.
Сұлулыққа құштармын,
Бірақ жарым қызғаншақ.

Жазғанымды бақылап,
Жардың көзі қырағы.
Сұлу көрсем жатып ап,
Жыр жазғым кеп тұрады.

Тең өрілер тілге тым,
Өлеңде түр өнегем.
Сұлу қыздың суретін,
Жырмен салып жөнелем.

Әлқиссасы әр тарау,
Жүргімді жақын үқ.
Қайтем енді қалқам-ау,
Тұнып тұрса тақырып.

Ойлағаным ол емес,
Менікі өлең құр жазыс.
Тағы жанжал, төбелес,
Тағы да сол қызғаныш.

Ұнамай еш жүрісім,
Жанаардан от үшырып.
Өмір өтті бұл ісін,
Сүйгені деп түсініп.

Желдей согар тына кеп,
Сенімге де серт керек.
Кейде ойлаймын бұл әдет,
Жазылмайтын дерт пе деп?!

Қызғаныш

Сен мені қызғанбашы жеке кетсем,
Орісін өлеңімнің мекен етсем.
Оз ойыммен оңаша арпалысып,
Сезімімнің бағына шекер екsem.

Сен мені қызғанбашы менде бардан,
Мекенін көрсетпесе мендегі арман.
Омірімнің өрнегі өлең еді,
Жүдеген жүргегімді емде алған.

Сен мені қызғанбашы жалынымнан,
Таралған тұла бойға тамырымнан.
Озегенің барлығына көндірерсің,
Олең үшін кешіргін бәрі құрбан.

Туганында таңменен таласып жыр,
Бага жетпес мендегі бар асыл бұл.
Толғанар шақтарымда тоқтау салмай,
Қолда бар қазынамның бағасын біл.

103




Ия, жаным!..

Ия, жаным,
Таусылғандай тірлікте тиянағым.
Сергелденгे түсетін сәттерімді,
Саган айта беруге ұяламын.

Шын шырағым,
Күйбен өмір көшінде тұншығамын.
Сені көріп түсіндім көңілімнің,
Көгін серпіп күлімдеп күн шығарын.

Жарқын ісің,
Жиіледі маған ішкі тартылысың.
Тағдырыма сәулесін төгіп тұрган,
Тәңірдің маған тартқан тартуысың.

Сен еш бөтен,
Ойда қалма, елеусіз елеске тең.
Екеуміздің осы бір шақтарымыз,
Ең бақытты кезеңдер емес пе екен?!



Итере берме кеудемді

Бұзып шықпай шенберді,
Сезімім сенсіз сенделді.
Іілген сайын алдыңа,
Итере берме кеудемді.

Сен адалдықтың төресі,
Жанымды нұрға бөлеши.
Бәрін де кейін көрерсің,
Бәріне уақыт төреші.

Шығарсың шыңға шындасан,



Сенімен ойша сырласам.
Арылар едің сан ойдан,
Жүректің сөзін тыңдасан.

105

Көркем үн

Молдір үнді, гүл бейне Гүлмираның,
Үнінен санамызда сырғиды ағын.
Нарагын ертелі кеш ашып алыш,
Коре бергім келеді күн дидарын.



Коремін хабарыңың бірдей бәрін.
Сіздің үн күндізгі бақ, тұнгі ираным.
Еркелеп эфиріңнен тіл қатқанда,
Жүзімізде жүгірер ылғи жалын.

Іыстықсың жерге төккен күндей нәрін,
Жырыма танытыңыз шынды иланым.
Жүргегімнің жалынына ерітем де,
Жакұғын сізге тартам жыр құйманың.

Ән сезім

Көңілін селт еткізіп жігіттердің,
Біз отырган бөлмеге кіріп келдің.
Содан кейін әп-әдемі әндеріңмен,
Тұла бойын тербеттің тымық белдің.

Қосқандай жап-жарық шам электрлі,
Жап-жас қыз жарқыраған жел екпінді.
Сол сәтте сен шырқаған керім ауен,
Бақыттың бесігіне бөлеп түрды.

Жанымда жақындықтың дәнін себер,
Шырқадың әндеріңнің бәрін шебер.
Көңілдегін армансыз ақтарар ем,
Өмір менің еркіме бағынса егер.



Бір шынар

Бағымдағы бүршік жарса бір шынар,
Коңлімнің биігінен күн шығар.
Жауқазындай жаңа туған жарастық,
Жүректегі жазылатын жыр шығар?!

Ерке үнді ерекшесіз жаны ізгі,
Жазған хаттар маған сондай маңызды.
Арадағы мұң baspaғan мөлдірлік,
Асманы ашық тағдырымыз тәрізді.

Сіздің гүмір белгісі көп бір белес,
Біздің гүмір Сіздікімен іргелес.
Тағат қалмас түнгі тәтті түстердің,
Кейінкері болып кетсем күнде кеш.

Ня, солай, көніл көшін кеңіттік,
Ташыстықтың есігінен еніп тік.
Ойларыммен арпалыстым оңаша,
Олеңме сырымды айтып, серік қып.

107



Сәтсіздіктерімді ұмыттыр

Көздеріңнен көрінгенде құліп нұр,
Сөз деміңнен жан дүнием жылып тұр.
Сезіміңнің тереңіне батырып,
Барлық сәтсіздіктерімді ұмыттыр.

Тұла бойың көркем мінез, таң қылыш,
Тамашаңмен жүрсің естен тандырып.
Адалдығың, арлылығың үшін-ау,
Саған ғашық болса егер сан жігіт.

Жарқыратып жанарыңды жарық күн,
Жұлдыз шолпы бұрымыңда тағып тұн.
Мінезіңнің салқындығы болғанмен,
Жүргегіңнің жаз екенін таныттың.

Сондықтан да сен мен үшін ерекше ең,
Сезіміңнің лаулауына себеп сен.
Сенсіз өмір көктемі жоқ көнділсіз,
Жүргегімнің іздегені демек сен.



Сырласу

Қиянатқа таныттып өктем үнді,
Шенге қимас жан едің шекпеніңді.
Қазақтың қайталанбас қара нары,
Өлеңді дертке дауа, көпке үлгі.

Шығыстың тасы тарих, даласы құт,
Сол жерден атқа міндің аласұрып.
Мәреде маңдайы әлі жарқырап тұр,
Өлеңге қосқан атың таң асырып.

О, менің ұлы бабам ұлағатым,
Қазынамсың қалың жұрт құп алатын.
Сенің сөзің сүрінгенге қуат беріп,
Сенің сөзің биікке шығаратын.

Таптым сенен өмірде керегімді,
Өмір бойы алады ел сенен үлгі.
Бойына бойтұмардай сақтайды әркім,
Сөз патшасына айналған өлеңіңді.



Мұн

Өмір-кериен жылжып ағып барады,
Дәл төбемнен жүлдyz ағып барады.
Көбі ертегі болып болашағымның,
Көлеңкелі күн де ұзарып барады.

Буга айналды бұлақтар да кешегі,
Қуға айналды құрақтар да кешегі,
Шынға айналды сұрақтар да кешегі,
Мұнға айналды шуақтар да кешегі.

Бар үмітім сөнді, өшті жаншылды,
Тағатым да семді, көшті, таусылды.
Тұма ойым құла түзді қаусырды,
Тұла бойым қара суға малшынды.

110

Жалған ойға жаза басып қалыптын,
Сонда қайда нысанамды дарыттым.
Жабырқаулы жүрегіме нұр сеуіп,
Бұлт астынан шыға келші жарық күн!

Жалғыздық

Жалғыздық жеңді, санамды торлап сансырап,
Қадалып қанжар, қалғандай жүрек қансырап.
Санамда жатыр жауабын таптай сан сұрақ,
Жазайын өлең жанымды мұндан аршып ап.

Жүйкені жанышып күйбені бөлек тіршілік,
Күндерім өтті, көз ілмей қанша күрсініп.
Қалды ма бәлкім мұнменен мылқау тіл шынып,
Жазайын өлең жанымды демеп жүрші үміт.

Сыр

Кешір мені, ұқпасам кейде сені,
Тимей жүрсе жарыңның үйге себі.
Омірдің ағысымен арпалысып,
Көңілім алай-түлей күй кешеді.

Кешір мені, ұқпасам сөз тәркінін,
Келтірмесем шырайын көз көркінің.
Жардан жарға лақтырып тыным бермей,
Озімді де аямады өз толқыным.

Кешір мені, аз болса жақын қылыш,
Сый көрсете алмасам татымдығып.
Оңаша алып шығып өзіңде айттар,
Сырларымды жүргегім жатыр бүгіп.

Тұсінбесен қайтемін, қалып кетем,
Мұң жастанған әніме салып кетем.
Нертілмеген жанымның жұмбақ күйін,
Озімменен өмірден алып кетем.



Мінездеме

Не әйел, не ер емес,
Не сараң, не кең емес.

Жарымаған түрге де,
Былжыраған бірдене.

Көрсете алмас көпке сыр,
Өсек тергіш, өкпешіл.

Сүйретілген жүрісі,
Жүгенсіздеу жұмысы.

Жұнін жұлған тулақтай,
Жұғымы жоқ тырнақтай,
Жұмысына жай келгіш,
Шендерге шай бергіш.


Өзге тілде гұлама,
Өз тіліне дүбәрә.

Тын десе тынықпас,
Дәстүріңен дым үқпас.

Күні көне, кеші ескі,
Айдағаны бес ешкі.

Есті ісі жоқ ел қарар,
Ысқырығы жер жарап.

Үлесі жоқ бір тебен,
Тұсінігі тым төмен.
Осындайлар бұл күні,
Кор қылдырды рухымды.



Қылқалам

Өнерден жеріп, өмірден жеріп,
Таппаганда істі мәндірек,
Өксікті бастым өлеңге келіп,
Жұдеген кезде жан жүрек.

Тартады жырдың даласы кеңге,
Өлеңсіз өмір тұл маған.
Жанымның ішкі жарасын емде,
Қынаптан шық та қыл қалам!



Әсел (марқұмның руҳына)

Жаңа еді-ау жапырағын жайған гүмір,
Жарқ етті де жоқ болды қайран гүмір.
Сен шырқаған аққу ән өзінді іздел,
Көкше көлдің үстінде айналып жүр.

Айналып жүр шарқ ұрып шартаралты,
Байлауы жоқ тірліктің әр таңы атты.
Ән құсыңды қайда тастап кеттің қалқам,
Арайга бөлең тұрган Арқа жақты.

Пәни жалған көзден бұл өтіп ұшты,
Сөндіре алмай қүйдірген отын ішкі.
Басылса жырмен басып көрейінші,
Өзекті өртеп кеткен өкінішті.

Дарига-ай, дидарыңа тізілген нұр,
Бір күнде гайып болды-ау жүзіңмен бір.
Құнірентіп, қүйзелтіп кеттің елді,
Сылқ етіп сабагынан үзілген гұл.

Тамыр алып таралған жарық нұрдан,
Сән гүмір-ай, сахнада сауық құрған.
Арманына жете алмай көк аспаннан,
Жасың шығар жаңбыр боп жауып тұрган.

Жанарың да от еді өнер десе,
Ия, солай, жазылды өлең неше.
Ойсыраған орның деп түсінем,
Бір жұлдыз дәл тәбемнен төмендесе.

Көрініс

Бір той өтті дүбірі дүркіреген,
Қазақтың ғұннан бергі ғұрпыменен.
Бұл тойға жоғарыдан ат терлетіп,
Көкем келді күн болып күркіреген.

Көкем келді, көсліп көптен ірі,
Өзгелерден өзгеше өктем үні.
Жетегіне жүргізді жердегіні,
Етегіне кіргізді көктегіні.


Жиып қойып басқаның өтер ісін,
Бокал, — деді, мен үшін көтерілсін.
Озін мақтап айтпаған адам болса,
Құны жоқ болып қалды көкем үшін.

Біреу шығып астына ат арнатты,
Біреу шығып иыққа шапан жапты.
Біреу шығып ел үшін туған ер деп,
Май тамыза мақтады, мақалдатты.

Біреу шығып аспанда құнсің деді,
Біреу шығып шалқайған шыңсың деді.
Көкемдер халық үшін қайта тумас,
Қадіріңді мына жұрт білсін деді.

Жағымпаздық ернеуі жардан асты,
Құлдық үру аяғы ардан асты.
Біреулер біз де осындай болайық деп,
Қылғытты қөкемізден қалған асты.


Ешкім айтпас төріңнен тұс деп мынау,
Есіртуден есірік күш кеп тұр-ау.



Қоғамға қарсы тұрып қайтсін енді,
Көкем де көргендерін істеп тұр-ау.

Шіритіні шындық қой балық бастан,
Қазіргінің қалпы осы қалыптасқан.
Тағдыр көші теренге тартып барад,
Пендесіне тәубасын танытпастан.

Кішірейіп кезеңнің көп ірісі,
Міне, осылай өрбіді өмір ісі.
Құлазыттып жіберді көнілімді,
Көкем қойған қоғамның көрінісі.



Бауырға

Көп танымай, көп көрмей-ақ бір-бірін,
Сүйдім, күйдім деп түріп-ап тұндігін.
Бір бауырым басын соғып тау-тасқа,
Бір әйелден ақылы аспай жүр бүгін.

Тақиа жарға үйде де мін, түзде мін,
Үйлендің бе, үмітіңді үзбегін.
Қуансаңыз бірге қуан қызыққа,
Мін іздесең екі жақты іздегін.

Саған қарар жұмбақ көзбен қылышп,
Қылышымен әкетеді үйіріп.
Әйел деген шынар ағаш секілді,
Бабын білсең, барын берер иіліп.

Әйел деген сандугаштай сайрауық,
Жарын күтер жанашырың жайлы анық.
Жарты гұмырдан соң өзі-ақ кетеді,
Махаббатың туыстыққа айналышп.

Әйел деген жұмбағы көп бір әлем,
Жауабын тап шыққанынша сірә дем.
Қамшы тұрсын қабырғаңда ілулі,
Шайтан тұртсे қагып тастар бір-ақ ем.

Ақылдыңың аздығынан тұсалышп,
Өміріңді құр откізбей құсағып.
Әйел деген үрпағыңың анасы,
Құдайдан соң құдіретті үш әріп.

Сондықтан да сыйла жарды құрметте,
Ере бермей дәлдүңі көп дүрмекке.
Қос тізгінін тең үстатьш әйелдің,
Ақылменен барлық ісін міндетте.



Нестайға

Бір апам бар шырайлы шығыс шақта,
Оң қабагы тартатын туыс жаққа.
Көңілі ашық көктемгі күн секілді,
Кейде дауыл соқтырағ тыныш шақта.

Құтты болсын, келгенің он сегізге,
Өмір теңіз, сен одан өлшем ізде.
Жылжып уақыт жайменен бара жатыр,
Мейлі көнбе, мейлі оған көнсеңізде.

Корған қылыш болсын жаңыңда жарыңызды,
Алла асырсын бастағы бағыңызды.
Жарқырай бер, таратып шұғыланьды.
Жақсы көрген жан апам жаңың ізгі.

118

Зейнолла агама

Туысты құшагына тартып тұрған,
Шаттығы шартарапқа шалқып тұрған.
Еңбегіңің еренін ел біледі.
Атымтайы Арқаның артық туган.

Тал бойыңда қазақтың бар өнері,
Санаңызды серінің сан өлеңі.
Баптана басатұғын «Балқурайың»,
Бабаң еккен бойдағы дәнек еді.

Отын жақ бойыңдағы жыр үміттің,
Салқам көңіл сырбазым, сырлы мықтый.
Ілтипатын қабыл ап қауымыңың,
Ізін салып жүре бер іріліктің.

Азаттық жыры (әні бар)


Ұлдары рухты, қыздары қылықты,
Бабалар гүрпінан бата алған.
Паң дала иесі, байрагы киесі,
Халықпаз азат ел атанған.

қайырмасы

Азаттық аспаны, дәуірдің дастаны,
Жыр болып жүрекке құйылсын!
Ер мінез елім бар, кең байтақ жерім бар,
Багыңа бар әлем сүйінсін!

Екпіні кемедей, тарихы телегей,
Егемен ұттым мен ұлысым.
Керегем кең бүгін, асқақтап елдігім,
Шалқысын ынтымақ ырысым!

Лій нұрлы аймағым, көгімде байрағым,
Шаттықпен ашылған түндігім.
Асқақтап айбыным, тасыған байлығым,
Жасасын жасампаз бірлігім.




Қарағым-ай (әні бар)

Құшағында тербеліп самаланың,
Гүлзарыңды гүл толы арададым.
Тағатымнан айырдың тәзімімнен,
Таусылғандай қалқам-ау бар амалым.

Қарағым-ай,
Жаралған таң нұрынан,
Тайсалмай тағдырымнан.
Жүректе сен деп салған,
Қалды бір ән.

Өзгелерден өзгеше талғамыңда,
Бір нәзік сыр қалқам-ау бар ма мұнда
Айдыныма аққұым болып қондың,
Амалсыздан жағада қалғанымда.



МАЗМУНЫ


Өкімбаев Е.Б. Ақ жол!	3
-----------------------	---

ТУҒАН ЖЕР ӘУЕҢДЕРІ

Қарагұла	6
Саялы Сарытерек	7
Беу, Ақтогай!	8
Ауылымның ауасы	9
Ауылға келгенде	10
Тұған жер	11
Тұған топырақ	12
Балалық шақ	13
Балқашым	14

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Өмір-өлең	16
Құлагер өлең қүйіндат!	17
Өмір	18
Портрет	19
Уақыт	21
Домбыра	22
Күй-құдірет (Ерлан Үрімжанұлына)	23
Мінез	24
Құмай-ғұмыр	26
Дат!	27
Шатыр	29
Аласартпа орнымды, о, Тәңірім!	30
Иірім	31
Алғыс	32



Күрсіну	94
Ерке қыз	95
Дұр етіп көтерілем жер бетінен...	96
Сәулем	97
Жат	98
Шығыстың шынары	99
Мәлдір мұн	100
Фашық болып жүрудің өзі бақыт	101
Сұлулыққа құштармын	102
Қызығаныш	103
Ия, жаным!	104
Итере берме кеудемді	105
Көркем үн	105
Ән сезім	106
Бір шынар	107
124 Сәтсіздіктерімді ұмыттыр	108
Сырласу	109
Мұн	110
Жалғыздық	110
Сыр	111
Мінездеме	112
Қылқалам	113
Әсел	114
Көрініс	115
Бауырға	117
Нестайға	118
Зейнолла ағама	118
Азаттық жыры	119
Қарагым-ай	120

Саят ТҰЯҚБАЕВ

Өмір ~ олең

Редакторы Дәulet Қанатбекұлы
Суретшісі Ринат Құрмашев
Беттеген Оңдасын Әшім

**«Елтаним баспасы» -ның баспаханасында басылды.
050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1 үй.**

E-mail: eltanym@mail.ru.

Тел.: +7 701 698 25 49

+7 777 246 91 21

**Көлемі 8 б.т. Офсетті қағаз. Пішімі 84x108/32.
Таралымы 500 дана.**



**ТҰЯҚБАЕВ
Саят Қабдырашұлы**

1976 жылы Қарағанды облысы, Ақтөгай ауданы, Сарытерек ауылында туған.

1997 жылы Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

Қазір Қарағанды қаласы Жаңа Майқұдық Мәдениет үйінде қызмет жасайды. Өлеңдері аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрген, Балқаш аймақтық ақындар антологиясына енген. Аймақтық, облыстық жыр мүшәйралары мен облыстық, республикалық бірнеше өнер байқауының жүлдегері.

ISBN 978-601-06-7444-8

9 786010 674448